

12018

49910

Жан
Жарылы

Дамели Жусайынқызы



Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ

Ақсай қаласы, 2011 жыл

БАР БОЛЫҢЫЗ, БАТЫР АНА, АҚЫН АПА!

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы». Ұлы Абай мұны айтқанда өлеңді таласып жаз дегені емес, таласып оқитындай өлең жаз дегені шығар. Біз солай түсінеміз. Шын дарынның сыншысы ішінде. Ішіндегі сын түзелмей, сыртындағы сын түзелмейді. Атамыз қазақ ақын. Сол ақыннан туған ақындардың көшінде келе жатқан Дәмелі Құсайынқызы «Елбасына» деген өлеңінде былай дейді:



***Әйтеке ме, Төле ме, Қазымысың,
Халқың үшін арналды жазы-қысың.
Күй толқыса кеудеде күмбірлеген
Нұрғисадай әуеннің сазымысың?!***

Жүректен шыққан сөз ғана жүрекке жетеді. Оның үстіне ол ақын жүрегінен шықса... Бұл біз білетін өлеңдегі өрнектер. Ал өрнектегі өрнектер Дәмелі апамыздың даңқын асыра түседі. Сол өрнектегі өрнектерді өлеңге төккенде шығармашылық бір қалыпқа түсер ме еді... Дәмелі Құсайынқызының дарыны табиғи дарын. Яғни даласына тартқан дарын. Қаршығадай қағып түсетін суырып салмалық қасиеті және бар. Мүмкін болашақта бір баласының немесе немере-шөберенің бойынан әженің қасиеті белгі берсе таңғалмаймыз. Өлеңдегі сіз шарламаған қиырларға балдарыңыз барсын. Қозғалмаған тақырыптарды солар қозғасын. Өзіңізге де, сөзіңізге де ұзақ ғұмыр тілеймін. Бар болыңыз, батыр ана, ақын ана!

Мэлс ҚОСЫМБАЕВ,
филология ғылымдарының кандидаты, «Ерен еңбегі үшін»
медалінің иегері, Мемлекеттік Дарын сыйлығының лауреаты,
Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері.

ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІҢ АНАСЫ

Ісмер, ұстаз жаннан бүгінде Батыс Қазақстан облысындағы ұлттық өнердің анасына айналған Дәмелі Құсайынқызымен мені алғаш табыстырған өмірлік еңбектегі ортам облыстық телестудия болатын. Өткенге тас лақтыруға болмас десек те өткен жиырмасыншы ғасырдың 80-ші жылдардың аяғында ұзақ жылдар бойғы кеңестік санадан арылу міндеті тұрды. Осы себепті облыстық телеарнаның ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттау мақсатымен «Ақшам» кешкілік танымдық бағдарламасын беру қолға алынды. Оған сурет өнеріндегі соны іздерімен көріне бастаған Сәкен Ғұмаров, Ақжайық өңірінің жеті қабат жер байлығын табуда өзіндік қол таңбасы бар Сухан Камалов, Ауған соғысында бүкіл батальоннан аман қалған он сарбаздың бірі, сол кездегі облыс имамы Зейнолла Ахмедов секілді жандар қатысып, өз саласының сыр-қырларымен бөлісер сұхбаттар берді. Бағдарламаны әріптесім Сайлау Абылаев екеуіміз жүргізген болатынбыз.



1988 жылы қайта қауышқан наурызды мерекелеу барысында ұжым, мекемелер жаппай киіз үйлер тіге бастады. Әділін айту керек, олардың арасында «киіз үй қойсақ болды» дегенді желеу етіп қарасаң қарның ашатын сұрықсыз дүниелер де болды. Осындай жәйттерді болдырмас үшін бұрынғы Жымпиты, қазіргі Сырым ауданында киіз үй шебері шықты, ол Дәмелі Құсайынқызы дегенді естіп, «Ақшам» бағдарламасы-

ның кезекті хабарына апайды шақырдық. Екі жүргізуші апайды ортаға алып қол өнері туралы сұрағанымызда, ол бұл өнердің оған қалай мирас болғанын, қалай жетілдіргенін, кейінгі ұрпаққа қалай үйретіп келе жатқанын өзі жасаған ою-өрнектерін көрсете отырып, жіпке тізгендей етіп, айтып шықты. Сонымен бірге алға қойған мақсат-мұраттарын да таныстырған Дәмелі Құсайынқызы ұлттық өнер жетістігін аудан көлемінде ғана емес байтақ Қазақстанға, Елбасына да жеткізсем деген ойымен бөліскен болатын. Студияның табалдырығын осылайша алғаш аттаған апайдың арманы бүгінде жүзеге асқанына киелі өнер иесімен бірге мен де қуанамын, мақтанамын.

Баян МҰХАМБЕТӘЛИЕВ,
Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері



ӨНЕР ЖОЛЫНДАҒЫ АПА

«Бұл дүниеде рахат көргісі келгендер саудамен айналысын; о дүниенің рахатына бөленгісі келгендер ұстамды һәм тақуа болсын. Екі дүниенің де қызығын көргісі келгендер ғылым мен білімге ұмтылсын» деген Мұхаммед с.ғ.с. пайғамбарымыздың өсиеті тірілерге өмірдің мән-маңызын ұғындырып, жолына сәулесін түсіріп тұрған бір жарық нұр. Осы айтылған ұлы аманат, қасиетті өсиетті біліп те білмей бүгіннің адамының біразы байып, біразы иман тынышын қалап, біразы өнер-білім, ғылым жолында күш сарқып жүр.

Ақсайда тұрып ақшаңқан киіз үйлер мен ақжайма өлең-жыр төгіп, айналасына шуақ шашып жүрген апаны сырттай білдім. Бұл кісі дәу де болса ұлтымыздың салт-дәстүрі, далалық қасиеті жоғалмасын деп тап ғылым қумағанмен қазақтың көкірегі ояу, көмейі жақсы сөзге толы бір шапағатты анасы болды деп таныдым. Және журналист, ақын Ботагөз Баймұқанқызының Ақсай барып түсірген хабарлары арқылы біле түстім. Өзіміздің «Орал өңірі», республикалық газет-журналдар бетінен апай жайлы жазылғандарды әрі көкірегі қазыналы жанның өзі жазған өлең не мақалаларын оқып жүрдім. Сөйтіп жүргенімде «Жеті өнер» телехабарына апам, қолөнер шебері Дәмелі Құсайынқызы кейіпкерім болып, құдай айдап, келе қалмасы бар ма?!. Бірден екі бағдарламаны жазып, апай жайында білген үстіне біле түстім.

Көз майын тауысып өзі жазған кітаптарын да ерінбей таратып жүретін автордың туындыларымен де танысудың сәті түсті. Өзі қатарлас, не өзінен үлкен-кіші демей жаны сәулелі жандармен емен-жарқын

сәлемдесіп, әңгімелесіп, тіл тауып жүре беретін Дәмелі апай кейбіреулерге «түсініксіз» боларын сезем. Себебі, сол «түсініктердің» ішінде өзімізді де енгізіп жіберетіндер төңірегімізде қаптап жүр. Бірақ ғаламды жаратқан жақсыларға бола ұстап тұр деп есептеймін. Жардың қалау-мақсатына сай келер арман-тілеумен өмір сүріп, «өлемін деп еңбек ет, өлтірмейтін Құдай бар» ұстанымының жалынан айырылмаймыз, басқа не істейміз?

Дәмелі Құсайынқызының кезекті еңбегіне үлкенді қадірлей білетін жас оқырмандар мен тілеулес көпті тілеймін.

Адамды ұғу қиын бұл ғаламда,
Жан сарай сырға толар шындағанда,
Дәмелі апайды мен ұқтым білем,
Қазыналы жан сырын тыңдағанда.
Қоғамға бей-жай қарау жанына жат,
Тыныштық, қазақ елі барына шат.
Қолынан әрбір шыққан өнер көзі,
Дейтіндей кім-кімге де: «Қақыңа тарт!»
Атадан қалған өнер бар байлығы,
Бармақтай бағы ғой ол маңдайдағы,
Сіз ана, бақыттысыз, келер ұрпақ,
Қазақтығын азат боп таңдайды әлі.

*Әр игілікті ісіңізге тілеулестікпен:
Мұнайдар БАЛМОЛДА,
«Қазақстан-Орал» телеарнасының тілшісі.*

ЖЫРМЕН ЖҮРЕК ТЕРБЕГЕН ...

Батыр ақын Абдолла Жұмағалиевтің кіндік қаны тамған Жосалы топырағынан талай таланттар өнер әлеміне қанат қаққан. Солардың ішінде Дәмелі апамыздың орны ерекше.

Балалық шағы соғыс өртімен шарпылған, қиын - қыстауы мол ауыл өміріне шыңдалып өскен апамыз білімге, өнерге деген құштарлығымен өз қатарлары ішінен дараланып көзге түсті.

Қасиетті Жосалы топырағынан бойына дарыған сан алуан өнер өрімдері ағытылып, үлкен арнаға ағылды. Бүкіл ғұмырын жанұя бақытына арнаған Батыр апаның бойындағы асыл қасиеттер қазақ атты халықтың ибалы да тәрбиелі, өнерлі ертеңін ойлаған, ұрпағының қамын жасап, болашағын болжаған қазақ қызының бойынан көрініс тапқан.

Әр уақытта өмірдің тұрмыс-тіршілігіне үн қосып, туған жер, бейбіт өмір, ата-ана, абзал ағалар және ұрпағы жайындағы толғаныстары көңілдің жыр сандығынан ашылып, 5 кітап болып жарық көрді.

Әр туындының ұрпаққа берер тағылымы, ғибраты мол.

Көңіл пернелерінен әлі де әсем туындылар дүниеге келеріне сенім білдіре отырып, апамызды мақтан тұтамыз және өнер иесіне ұзақ ғұмыр, сарқылмас қайрат тілейміз.



Жосалы ұжымы
Сырым елі “Қоңыр”
орталығы,
Абдолла Жұмағалиев
атындағы мектеп
директоры
Асан Сапарұлы
ЖҮСІПОВ.

Жырымен жүрек тербеген
Арманға қанат сермеген
Саясы мол ағаштай
Самал желмен тербелген.
Аман сау жүрші, апатай
Өнермен халқын демеген.
Мақтаны боп еліңнің
Артыңда қалар өнегең.
Қолыңнан өнер төгілген
Жүзіңнен шуақ сезілген.
Өзіңе тартып өссінші,
Немере, шөбере, неменең.

Игі тілекпен ініңіз: Асан Сапарұлы Жүсіпов.

30 мамыр 2011 жыл.



ҚЫМБАТТЫ ДА, ҚАДІРМЕНДІ ДӘМЕЛІ ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ!

Сіздің өнеріңізді дәріптеу мақсатында өткізіліп отырған «Қос өнерді тел емген» атты кездесу кеші ұйымдастырылуына орай, туған жеріңіз Сырым елі жұртшылығы атынан ақ тілегімізді қабыл алыңыз!



Саналы ғұмырыңызды ұстаздыққа арнай жүріп, ұлтымыздың ұмыт болған ою-өрнегін, көкірек кестесімен қайта жаңа дәстүрге жалғауда үлес қосып келесіз.

Сіздің өнердегі жүріп өткен жолыңыз ана жүрегінен ұшқан аққанат жырларыңыз, майдангер әкені ардақ тұтып шығарған дастаныңыз, адамгершіл асыл қасиеттерді ұлықтаған «Әке», «Мұра», «Өнер өрге өрлетеді», «Өлең өлкесінде», «Із» атты жарық көрген бірнеше жыр жинақтарыңыз аналық үлкен жүрекпен сыршыл сезімін жырға бөлейді. Өлеңдеріңіздің тәлімдік өнегелілігі, негізгі арқауы туған жер, Отан, ұлт тағдыры, асыл дәстүрлері жас ұрпаққа зор өнеге. Бойында қазақ әйелінің қайраты мен намысы бар өнер сүйген Сізге еңбекқорлығыңыз үшін үлкен ілтипатпен қарап, ылғи аудан тұрғындары тілектес болып жүреді.

Дәмелі Құсайынқызы!

Жас ұрпаққа ұлттық салт-дәстүрімізді, ана тілімізді, мәдениетімізді насихаттап, өмірден білген-түйгенімен бөлісіп жүрген абзал ана, - деп Сізді құрмет тұта жүріп, Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, әулетіңізге амандық, ұзақ ғұмыр тілеймін.

Сырым ауданы әкімі Ерлан Беркінұлы Нысанғалиев.

ӨНЕРДІҢ ОҚ ҚЫЗЫ

Ақын, қолөнер шебері Дәмелі Құсайынқызына

Өлеңдері көктемгі нұр алаптай,
Өнегесі өркенге ұлағаттай.
Өрмектері өнердің хас асылы,
Өмірі қаттап қойған мұрағаттай.

Жанында жақсылықтың әлемі көп,
Шаттанса ән шығарған әдемілеп.
Әкесі әдейі атын қойды ма екен,
Сан өнерден болсыншы дәмелі деп.

Жүрегі ізгіліктен жаратылған,
Іскер жан бармағынан бал атылған.
Еңбегім ел үшін деп елжіреген,
Бауырдан сомдалғандай дара тұлғаң.

Ана боп ұл мен қызға тәлім берген,
Тағдырды тауқыметтің дәмін көрген.
Әкесін қиялымен әлдилеген,
Жақсылықтың жолында жанын берген.

Халқына ханнан асқан қадірі бар,
Сарқылмас сары алтындай сабыры бар.
Жігері жігіттерден жүз есе артық,
Қайтпайтын қайсар мінез қажыры бар.

Осылай бас иемін бір адамға,
Сіз жайлы пікір осы сұрағанға.
Қанында қазақпын дер қасиеті мол,
Мен сізді ұқсатамын ұлы адамға.

Махмет ҚАЖИАХМЕТОВ,
Жымпиты ауылы

ЖАСАМПАЗ ЕЛ - ҚАЗАҚСТАН

(Тәуелсіздіктің 20 жылдығына)

Көк құсы күнді арқалап дара ұшқан
Жасай бер, жасампаз ел, Қазақстан!
Біліммен сусындаған ұрпақтарың,
Орнатсын жер бетіне Ғажапстан!

Қамытын бодандықтың шешкен елім,
Гүл шыққан мұң орнына дестеленіп,
Зар орнына әніміз көкке самғап,
Көк туды желбіретті еспе желің.

Жыл сайын шаттығыңды тамашалап,
Қайғыдан халқымызды арашалап,
Әлемге Астананы тамсандырып,
Жаңғырттық қалаларды жаңашалап.

Халықтар көріп, мақтап әр елдегі,
Жасампаз ел атандық әлемдегі.
Бір ғасырда жасайтын ірі істерді
Жиырма жылдың ішінде дәлелдедік.

Жаса, жаса, жасампаз, жарқын елім!
Бақытты өмір сүрсінші халқым менің.
Кемеңгер ақыл-ойың, күш-қуатың,
Елбасы халқың үшін сарқып едің.

Артынып ел үмітін арқасына
Отыз бір ел сыйлаған «Алқасы» бар
Елбасының мүсіні нық орнамақ
Тең келер бейбітшілік жартасына!

Әніміз шырқалсыншы әнге ұласа,
Әуезді ән тумайды жан жыласа,
Желбіреп көкте туым, жан жадырап,
Жасай бер, жасампаз ел, мәңгі жаса!!!

11.07.2011



ТӘУБА!

Аздап ашып алайын халқыма сыр,
Келтірмедік қазақи салтыма сын.
Он балаға ата-ана бола жүріп,
Өмір сүрдік жұбайлық жарты ғасыр.
Көп баламыз біреуге міндет пе еді,
Табысымыз бір жетіп, бір жетпеді.
Қарыз алдық, қарызды қайтып бердік,
Ең бастысы көңілді кірлетпедік.
Балаларға берілдік бүтіндей біз,
Тағдыр берген бақытқа шүкір дейміз.
Ұл мен қызға айтатын ақылымыз,
Түзу шықсын тұрбадан түтін дейміз.
Отырамын кей кезде ойға қалып,
Артық сезім бары рас бойда анық.
Дәстүрінде қазақтың жазылмаған,
Даталарды дөңгелек тойламадық.
Әр қайсысының әр түрлі мамандығы,
Тілегіміз солардың амандығы.
Дипломды мамандар ұл-қыздарым,
Көрсетпесе болғаны жамандығын.
Ағайынмен бар-жоқты бөліп жедік,
Ауылдасқа әй кәпір көрінбедік.
Жеткенінше шамамыз араластық,
Дараланып халықтан бөлінбедік.
Ала жібін біреудің аттамадық,
Біреулерді орынсыз даттамадық.
Жанұя боп үлгілі атанғанбыз,
Өнеге мол тарихқа қаттамалық.
Қоғам үшін айрықша елеңдедік,
Ерте тұрып, кеш жатып дедендедік.
Бұдан артық бақыт жоқ деп ойлаймын,
Біреу ақыл сұраса сенен келіп.
Шыдамдылар арманға түбі жеткен,
Жетпестіктің бұл күнде күні кеткен.
Алтын тойдың иесі болдық, тәуба!
Қыл көпірің үстінен жүріп өткен.

ЖАСАСЫН АЗАТ АЙБЫНДЫ ҚАЗАҚСТАНЫМ!

Тәуелсіздіктің 15 жылдығына

Тәуелсіздіктің бастауы болған бұл күнді,
Түсірген еске жанарлар жасқа іркілді.
Намысын қайрап алаңға шыққан жастарды,
Жиырма жыл бойы көргендер айтып жыр қылды.
Әділетсіздік шыға жақ бір күн жарыққа,
Айтамыз тілек «Достық пен бірлік» халыққа.
Намысын туғып ел үшін құрбан болғандар,
Топырақтарың айналсын дейміз мамыққа.
Тәуелсіздіктің мәніне бүгін түсіндік,
Төр беріп жұртқа өзіміз әр кез кішірдік.
Он алтыншы желтоқсан күні жыл сайын,
Қинала толқып сіздерді еске түсірдік.
Тоқсан бірде, желтоқсанның бірінде,
Азаттықтың атты таңы күлімдеп.
Содан бастап «Тәуелсіз ел» атандық
Бодандықтан азат елміз бүгінде.
Қазақстаным әйгілі болды әлемге,
Көк байрағым желбіреп тұр әр елде.
Құрметтеп әлем таныды қазір Елбасын,
Шақырған елде қарсы алып жатыр корольдер.
Рухымызды асқақтат дейді ол саған,
Шаңырағымды қанатты тұлпар қоршаған.
Елтаңба өзі бітіріп қанат қиялға,
Биікте тұрар намысты ерлер болса аман.
Қиналдық қатты, үйрендік біз де нарықты,
Ұстап тұр халқым Қазақстандай алыпты.
Намысын қайрап алаңға жастар шыққалы,
Зымырап уақыт жиырма жыл боп қалыпты.
Тәуелсіздікке он бес жыл толды бүгінде,

Бет бұруда жастарым қазір білімге.
Қозғауда тілдің жанашырлары сөйле деп,
Мемлекеттік мәртебе алған тілімде.
Сан ғасыр көрдің бодандықтардың қыспағын,
Жайыла көшіп, даламда жайлап қыстадың.
Жылжи бер алға қайырлы бағыт ұстадың,
Жасасын азат айбынды Қазақстаным!



ОТАН - ТІРЕГІМ

Бірлікте білдік күш барын,
Жайнай бер, Қазақстаным!
Саяса - бірлік, татулық,
Ұтымды бағдар ұстадың.
Елімнің көркі - Астана,
Асқақтап өсіп барады,
Астана әзір жас қала,
Ашылған күнде ажары.
Тереңге тартып тамырын,
«Бәйтерек» - елім тұрғызды.
Шашады күнде жарығын,
Түсіріп еске жұлдызды.
Жатып та тұрып тәңірден,
Амандығыңды тіледім.
Отырмын көріп бәрін де,
Жайнай бер, Отан тірегім!



КАПИТАН КЕЛІНШЕК

Егін пісті, қара да тұр,
Сары теңіз аймағым.
Орақ түсті, бара жатыр,
Егін орып Айғаным.
Қызыл кеме — қызыл Нива
Капитаны келіншек.
Маусым сайын астық жиған,
Емес Айған еріншек.
Зырылдайды, зырылдайды,
Шалғы үні ырғақты.
Штурвалда отыр Айған,
Жайнап жүзі күн қақты.
Тамашалап қара да тұр,
Тұнған жыр ғой аймағым.
Астық шауып бара жатыр,
Себекова Айғаным.
Қызыл кеме — қызыл Нива.
Капитаны — келіншек.
Мақтанамыз келіншектер,
Алғы шептен көрінсе.



ӨКІНІШ-ӨКТЕ КЕТКЕНІ

Тележурналист, ақын, Жазушылар Одағының мүшесі Ботакөз Баймұқанқызының мезгілсіз қаза болуына байланысты, ұлы Дәуренге көңіл айту

Жылыма, балам, сарқылып,
Ботакөз қызы халқының.
Өмірі қайта басталар,
Қайырын берсін артының.
Жоқтау айтар салтым бар,
Жоқтайын, халқым, ал тыңда.
Халқының көзі алдында,
Ботакөз өтті жарқылдап.
Қызымдай болып кетіп ең,
Кеттің-ау ерте шетінеп.
Ән-жырың қалды артыңда,
Көрінді десе несімен.
Ажалдың ерте жеткені,
Өкініш-өкте кеткені.
Жалғайтын жандар табылар,
Ботакөз ашқан мектебін.
Тар үйге сыймас жан едің,
Маңдайыңдағы бақ елі.
Шеңбердің тарлық еткенін,
Құлаққа талай сап едің.
Маңдайда болса қарыс бақ,
Жүрмес ең жанды жаныштап,
Көзді бір ашып жұмғанша,
Арадан кеттің алыстап.
Өзі де сылқым, паң еді,
Азамат тектес жан еді.
Әйелдің жолы жіңішке,
Қыл көпір неткен тар еді.
Тәңірі басқа салғасын,

Тағдырмен жүрді арбасып.
Күн көріс қамы ит тірлік,
Жағадан алды жармасып.
Бейнеттің дәмін татарда,
Шығатын алыс сапарға.
Сыңарсыз аққу атанды,
Тағдырдың заңы қаталдау.
Қайғыңды ішке білдірмей,
Көріндің сырттай, шалқыма.
Сөйлеп бір кетсең ілдірмей,
Қызмет қылдың халқыңа.
Жарты-ақ ғасыр ғұмырың,
Оралың болды тұғырың.
Бақытың менен базарың
Немерең, келін, бір ұлың.
Үлгердің шығып жарыққа,
Ыстық ең, қызым, халыққа
Иманың болсын жолдасың,
Айналсын орның мамыққа.



ТЫНЫШТЫҚҚА ЖЕТЕТІН БАЙЛЫҚ БАР МА?

Тұрғанда да күнкөріс күрделеніп,
Халқымменен жүрегім бірге менің.
Алладан әр кезде де тілеп жүрем,
Қаз тұрып кетсе екен деп, іргелі елім.
Қиындық тұрса қандай жолымызда,
Жеңер күш сіз бен біздің қолымызда.
Шүкірленіп келеміз деп ойлаймын,
Қарасақ оңымызға, солымызға.
Аспандап тұрған менен базар, нарық,
Келеді жүздеріміз ажарланып.
Шираған қыз-жігіті еліміздің,
Жан-жақтан келіп жатыр тауар алып.
Тарылтпай пейілдерін кең ететін,
Халқымыз жасап жатыр мерекесін.
Арандатушыларға қой дер едім,
Қашырмай еліміздің берекесін.
Аспан асты, жер беті байлығымыз,
Жетіп тұр күн көруге айлығымыз.
Байлық қуған байғұстар тоғышар боп,
Кетпесе болар еді деп қайғылымыз.
Сап, сап, халқым, барына қанағат қыл,
Ел едік қой ежелден қанағатшыл.
Еліміздің бірлігін көре алмай,
Іштей-сырттай дұшпандар табалап тұр.
Езгі көрген қазақтар қасқа маңдай,
Көп те халық емеспіз, басқалардай.
Жамандайды Елбасын оңды-солды,
Өз отбасын жүргендер, басқара алмай.
Жатар орын, ішіп-жер шайлық бар ма,
Қанағат қыл, азды-көп айлықтарға.
Ұрпағымыз соғысты көрмесе екен,
Тыныштыққа жететін байлық бар ма?
Аз ғана топ елді жүр арандатып,
Әлдекімге Елбасын жамандатып.
Хан тағынан үміткер боп жүргендер,
Жақындатып жүргендер заман ақыр.

АҚ БАТАСЫ ХАЛҚЫМНЫҢ ДЕМЕЙ ЖҮРСІН

Ел атандық кең пейіл, егеменді,
Саясаттың арқасы көрегендік.
Халқыменен қауышқан Елбасына,
Ел анасы - батасын берер енді.
Ата-бабаң рухы жебей жүрсін,
Жоқшылықтан құтылып, кедей күлсін.
Бейнетінің зейнетін елің көріп,
Ақ батасы халқымның демей жүрсін.



АСҚАҚ САЗГЕР

*«Еділ-Жайық» әнінің авторы
Илья Жақановтың 70 жасқа
толуына арнаймын*

Ән-Илья, ақын - Жұбан мәңгілік,
«Еділ-Жайық» шырқалғанда жаңғырып.
Жасыл орман жамырайды таңғылып,
Айдында аққу көрсетеді, паң қылық.
«Еділ-Жайық» мейірімді қандырды,
Қайырмасы тамағымды талдырды.
Екі тұлға әлемге аян атағы,
Ұрпағына асқақ әнін қалдырды.
«Еділ-Жайық» талай елге барыпты,
Талай дүлдүл шет елде ән салыпты.
Мәскеуге сегіз жүз жыл толғанда,
Оралдықтар алтын жүлде алыпты.

Жойқын әуен достығымның сеңі алғы,
Ильяның әндерінің ең алды.
Осы әнді тыңдап, Шәмші: «Мощно!»
Деген екен, енді бізге не қалды.
Ильямыз «Еділ-Жайық» атанған,
Осы әнімен озып шыққан қатардан.
Шет елдерден бәйге алған әншілер,
Асқақ әнді хорға қосып апарған.
Жаныменен жырлап кеткен қазағын,
Сөзін жазып, тартқан қатты азабын.
Жұбан аға тыңдай жүре, бұл әнді,
Рахатын сезгендігін жазады.
Жиырмадан астам елге танытқан,
Жапондардың құлағына дарытқан.
Үрімшіден Рафила әншімен,
Ильямыз сол сапарда танысқан.
Біз қазақтар өнерсүйер халықпыз,
Хас өнерге уызынан жарыппыз.
Анталия қаласында Атырау,
Осы әнімен гран-при алыпты.
«Асқақ сазгер» атағыңыз самғасын,
Өнеріңіз жасай берсін сан ғасыр.
Орын алып жүрегінен халықтың,
Халқымыздың ақ батасын алғайсың.



ТОЙ ИЕЛЕРІНЕ ТІЛЕК-БАТА

Тілек айту бізге тисе бұл жолы,
Жанна қызым, құтты болсын із-жолың.
Жат-жұрттыққа жаратылған болған соң,
Жіңішке деп айтады ғой қыз жолы.
Тойларыңыз құтты болсын, құдалар,
Той болған соң, тілек айтпай тұра ма?!
Тілек Алла құлағына шалынсын,
Той батасыз, болған емес, сірә да.
Бүгінгі күн көптен күткен күніңіз,
Үй боп жатыр тілеп алған ұлыңыз.
Тойларыңның қуанышын бөлуге,
Келіп жатқан құдалардың біріміз.
Тілегімді бәрің қабыл алыңдар,
Келген жері келіндерін қабылдар,
Екі жақты құдаларға тілегім,
Араңызға мың жылдық жол салыңдар!
Қонған ұяң құтты болсын, қарағым,
Ақылды жар азаматтың ажары.
Сынға толы ақ босаға аттадың,
Келген жерге жақсы болсаң жарадың.
Берік болсын жас отаудың іргесі,
Қызықты өмір сүріңіздер бірлесіп.
Қуанышқа бөлеп жатқан екі жас,
Ата-анасын ренжітіп жүрмесін.
Берем десе бір Алланың қолында,
Жақсы тілек айтарымның соңында.
Серік құда, құдағайым Нұржауған,
Жыл айналып немерелі болыңдар!



ШИНЕЛІМЕН ЖЕРЛЕНГЕН ӘКЕМ

Сағындық, әке, біз сені,
Келіп қалар деп, көп күттік.
Сиректеу жедік күлшені,
Кешірдік бастан жоқтықты.
Бозала таңнан оянып,
Қоғамдық малға шөп шаптық.
Күн көру керек, ой анық,
Тары қуырып, от жақтық.
Ерлердің ісін атқарды,
Азамат жоқта аналар.
Шал-шақпыт елді басқарды,
Жасады жұмыс балалар.
Тағдырдың басқа салғанын,
Осылай, әке, көтердік.
Жылдарға жылдар жалғанып,
Сағыныш солай өтелді.
Қосқанда талай өлеңге,
Көз жасым бетке ағылды.
Алпыс екі жыл дегенде,
Зиратың жатқан табылды.
Шинеліңмен жерленіп,
Жатыпсың ғой Орловта.
Белгілі енді өлгенің,
Жатқаныңнан ол жақта.
Жерлепті ақпан айында,
Остров деген ауылға
Колпянск ауданы,
Зиратында бауырлар.



АРАЛТӨБЕ

Санатында адамдардың зиялы,
Бұл өңірде қанаттанды қиялым.
Осы елде тұрақтадық отыз жыл,
Өсіп-өнді ұрпағымыз ұялы.
Отыз жылдай тұрғанменен тұрақтап,
Мәңгілікке қала алмадық бірақ та.
Халқымен ағайындай араласқан,
Қынжылтады кеткеніміз жырақтап.
Ұл-қыздарым онжылдықты бітірді,
Мен сол елде бастап кеттім ісімді.
Еңбек еттік ерте тұрып, кеш жатып,
Тілемедік біз айрықша күтімді.
Бір ғұмырдың өткіздік тең жартысын,
Туғаныңдай ыстық бізге халқы шын.
Қимасақ та көтерілдік бұл елден,
Замананың жаңа туған нарқы үшін.
Ауылдастан ауыл жайын сұраймыз,
Білген жоқпыз болатынын бұлай біз.
«Адам басы, Алла добы» - деген бар,
Мұның бәрі құдіреті құдайдың.
Суын іштік, дәмін таттық бұл елдің,
Қимастықпен есіме алып жүремін.
Мойындаймын сағынышым ұлғайды,
Бастан кешпей бұл жайымды білер кім?
Ойымнан бір шықпай қойды апырым-ой,
Сағынышым жасырынып жатыр ғой.
Аралтөбе бес ұл-қызым туған жер,
Сен жайлы айтар емес шығар ақырғы ой.



ҚАЙРАУ

Қайрау өлең жолдадым қарағыма,
Отырамын қол соғып талабыңа.
Өлеңімнен от алсын деп ойладым
Өлең іздеп иесін табады да.
Екенімді қандай жан топшыларсың,
Оқығанда бетіңнен от шығарсын.
Жай адам боп ортада жүре бермей,
Деп ойладым жасында топты жарсын.
Қара байыр шаруаға, шайырға да,
Сыбағасын сығымдап дайындаған.
Таразысы тағдырдың әділ емес,
Бұлбұлы мен қарғасын айырмаған.
Төр деп ойлап отырсың орыныңды,
Теңестіріп басшыға формыңды.
Саған лайық жұмыс деп жүргенім жоқ,
Көптен бері күзеткен қорығыңды.
Жаралғанмен жыр үшін көкірегің,
Қуаныштан басымдау өкінерің.
Жаның жылап жүргенін байқап жүрмін,
Қасиетім бар сондай, осы менің.
Қосылмайтын шаруаға қосыласың,
Қоңырауды күзетіп отырасың.
Айтқан сыным бағаңды көтергенім,
Қарға болып қарқылдау тотыға сын.
Түсе аласың деп білем таласқа да,
Орысша да білесің, қазақша да.
Бір жағына шыққаның жөн деп білем,
Жыл жылжытып жаныңды азаптама.
Мен танысам қолыңнан іс келеді,
Қолыңа алсаң көп жұмыс күш береді.
Намысыңды қайрадым, қамшыладым,
Мен жас болсам осылай істер едім.

ЖУРНАЛИСТ - ЕЛДІҢ ҰЛЫ

Қуанышқали Қабдошұлы

Ғұсманов - 70 жаста

Арқалап журналистің батпан жүгін,
Көп жерде жауапты іс атқардыңыз.
Шыңғыралау, Бөрлі, Сырым, Қаратөбе,
Жайында талай сырды ақтардыңыз.
Қорытып көкіректің көрегінде,
Көп еңбек сіңірдіңіз еліңізге.
Журналистер жүгінің ауырлығын,
Бастан кешпей білмейсіз, сеніңіздер.
Ұзақ жыл ақпараттың саласында,
Тарихтың жазды ескі, жаңасын да.
Жұмысының жемісі Қуакеңнің,
Халқының жүрегінде, санасында.
Журналист елдің ұлы - ғажап аты,
Қуаныш Ақсайдың төл азаматы.
Туған жері Бумакөл сағынышы,
Қарымды қаламынан тарап жатыр.
Сіз бен біз көптен бері қаламдаспыз,
Жасымыз да қарайлас, замандаспыз.
Біз Ақсайға келгесін танысарда,
Сізді сырттай білем деп амандастың.
Қуеке, құлақ асқын мына жайға,
Ұрпағың тарихыңды сұрамай ма?
Жолдау хат, оқып тұрған бір кезіңіз,
Бейнебаянға түсті - мұражайда.
Әдемі зейнеткерлік жасыңызда,
Жарыңыз, ұрпақтарың қасыңызда.
Қарт журналист атанған шағыңызда,
Түспесін уайым-қайғы басыңызға.



АРДАГЕРЛЕР КЕТІП ЖАТЫР АРАДАН

Кеудесіне біраз орден қадаған,
Тағы бір жан кетіп жатыр арадан.
Отан үшін оққа тосқан кеудесін,
Ол Отанын-Анасына санаған.
Ол жас болды, жауынгері қатардың,
Жауынгерге қояр талап қатал тым.
Ол бұйрықты орындауға міндетті,
Бас тартқандар дезертирлер атанды.
Астан-кестен соғыс жүріп жатқанда,
Жау ұшағы қалықтады аспанда.
Бомбаларды төгіп-төгіп масайрап,
Жау мәз болды ажал оғын шашқанға.
Сықырлаған аяздарда, атажан,
Ысқырынған борандарда қақаған.
Қар жастанып, жер бауырлап жылжыдың,
Жауды жеңіп, жеттің елге бас аман.
Қара су-ас азап өмір кешкенге,
Тосып тұрды елге аман жеткенде.
Қираған ел, қамыққан жұрт, жоқшылық,
Соғыс көрген сұр шинелін шешкенде.
Шаршаған ел қайта келді қалпына,
Бақыт ортақ, байлық ортақ жалпыға.
Елді аяқтан тік тұрғызған аталар,
Өлмес-өшпес із қалдырған артында.
Қиындықты көрсеңіз де, қаншама,
Елге келе зардабыңды арқалап.
Бұл дәуренге жету үшін ұрпағың,

Еңбек еттің ертелі-кеш жан сала.
Қорғап өлген қан майданда өз елін,
Хош бол, ата, сен әкемнің көзі едің.
Сағынышпен күтуменен өтті өмір,
Жоқтағанда, сан өртенді өзегім.
Мен әкемді өлдіге еш қимадым,
Ардагерді өз әкемдей сыйладым.
Жатқан жерің, мамық болсын, атажан,
Жайлы жерде, жолдас болсын иманың.



СЫРТ КӨЗ СЫНЫ

Орал мен Атыраудың арасында,
Иесіз жер жоқ екен, нанасың ба?
Жол бойын мекендеген ауыл, аудан,
Өсірген ертелі-кеш ағашын да.
Көліктер жол бойында ағылады,
Қызыққа санаған жан жаңылады.
Жолдың екі жағына кезек қара,
Өрістен төрт түлік мал табылады.
Ақ тастан үй тұрғызған өлгеніне,
Қос жанар да кінә жоқ көргеніне.
Бет сыйпап отырсын деп өткен-кеткен,
Өліге мұнша көңіл бөлгені де.
Нанбайсың ба, жолға шық, көзіңмен көр,
Мән бер, қара, асықпа, төзіммен көр.
Өмір сүре білгенге бәрі байлық,
Жарлы болсаң, қарағым, өзіңнен көр.
Мамыр айы, дала кең, жайлау жасыл,
Көкшіл аспан ақша бұлт шашып жатыр.

Көз тояттап көңілің, шарықтайды,
Мына біз өмір сүрген алтын ғасыр.
Япыр-ау, мынау менің өз елім бе,
Қолыма қалам алмай төземін бе.
Мақтаныш па, білмеймін, қуаныш па,
Көрікті өлең өрілді өзегімде.
Ел байлығы мұнайы, балықтары,
Ауқатты Атыраудың халықтары.
Бірақта көшесінде көктемде,
Жоқ екен су ағатын арықтары.
Махамбет пен Исатай бабаларым,
Табиғаттан оқыған дала заңын.
Атқа қонған екеуі дәлелдеп тұр,
Батыста Атыраудай қала барын.
Өсуі де қаланың алған қарқын,
Кездестірген халқының жүзі жарқын.
Шашын қиған әйелдер, шалбар киген,
Бұрмалап-ақ үлгерген қазақ салтын.
Көктемде Атырау да көрікті екен,
Халқы бай, көпшілігі көлікті екен.
Мұнайлы батыстағы Атырауды,
Аралап келген сайын көріп кетем.
Атыраудың халқына айтарым бар,
Сынап алар кей кезде сайтаным бар.
Бай, кедейдің баласы оқитұғын,
Мектептердің жағдайын байқадың ба?
Соңғы қоңырау бұл жайды қозғағайсыз,
Артық кетіп әдептен озбағайсыз.
Соңғы қоңырау жетпейді үш сағатқа,
Алты-жеті сағатқа созбағайсыз.
Сырт көз сынын қабылдап алыңыздар,
Сылқ-сылқ аққан Ақжайық жаныңызда.
Бай елдің байлығына мектебі сай,
Дегізіп жаңа мектеп салыңыздар.

АҚЫН АПА, БАТЫР АПА

Дәмелі Құсайынқызына

Ақын жанды, өнер-жырдың кеніші,
Ақ апам-ау, Сізбен нәрлі ел іші.
Еңбек жырын тәрбиеге жалғаған,
Батыр ана тұлғалардың ірісі.
Нәр өзегін соғыс өрті шарпыған,
Тауқымет көп бір басына қарпыған.
Жоқтап жүрсің қан майданнан оралмай,
Жан әкеңді, қорғасын боп балқыған.
Талай боздақ оралмады жайнаған,
Отан үшін деді олар, пида жан.
Мүмкін, қажет болған кезде құлады,
Дот аузына бас көрсетпей қинаған.
Сол әкенің рухынан нәр алып,
Өсті санаң ақындықпен жаралып.
Мойымады, құштарлықты сіздерден,
Мұра қылып алуға біз жаралық.
Жүрегіңді өтті талай, сыз салып,
Соғыс жылдар, кейінгіден із алып.
Саны азайған ардагердің ұрпағы,
«Соғыс баласы» аталатын сіз халық.
Әбден керек сіздер үшін, бұл атау,
Болар кез бар ардагерсіз бар отау.
Кім айтады, шындығын сол уақыттың,
Жұтқан қайғы, шырқыраған сан жоқтау.
Ізің жатыр, ақын апа, жарқырап,
Ісің үлгі саналы адам талпынып.
Өнеріңнің, шабытыңның тұлпары,
Озсын төске әрқашанда арқырап.

Қабылтай ХАСАНОВ



ҚОЗҒАДЫМ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫМДЫ

Ақынды сайрататын көңіл дейді,
Жақсы жыр өздігінен өрілмейді.
Халқының ішкі сырын бөліспесе,
Ақынның парасаты көрінбейді.
Кие алсаң ұлттық киім сән береді,
Іше алсаң үнді шәйін, ән келеді.
Ақынын, бұлбұлдайын сайратуға,
Білмеймін, кімдер қашан мән береді.
Басшылар аяғынан сабылып жүр,
Халықтар секер жетпей ағылып жүр.
Екі есе қымбат шәйді іше-іше,
Шиланның түбі, әбден қағылып жүр.
Үйімде шайға тістер қантым да жоқ,
Айтылмай сөзім жатыр, артымда көп.
Қозғадым әлеуметтік жағдайымды,
Жамандау өзімді-өзім, салтымда жоқ.

1994 жыл



ҚИЯНАТТАР

Алдымды орап өткен қиянаттар,
Қайрады әр кезеңде намысымды.
Есемді еске түскен тиянақтап,
Кейіннен еселедім табысымды.
Жұқалап жазғанымды қабылдай тұр,
Қазақы әйелге тән тартынғандық.
Кеудемнің зынданынан алынбай тұр,
Қақпағы ашылмаған алтын сандық.

АЙТЫСҚА ӘЗІРЛІК

Именіп алдарыңа әрең келдім,
Иіліп баршаңызға сәлем бердім.
Ана мен ене көрген келін едім,
Жаулығын сыйлап өскен әжелердің.
Келгенім жоқ, сан теріп, қақсау үшін,
Совхозды оңды-солды мақтау үшін.
Ақын деп үміт артқан халқымыздың,
Келіп тұрмын, бір сенімін ақтау үшін.
Көргем жоқ, арғы атамды, бергі атамды,
Сыйлаймын ата орнына елді, Отанды.
Айтысқа алғаш рет шығып тұрмын,
Туған ел, үлкен-кіші, бер батаңды.
Жан едім жүрегім-ақ, жаным таза,
Арымды салмай өскен барымтаға.
Сыйлаған соған орай, тағдыр маған,
Шеберлік, ақындығын қарымтаға.
Қолым бар ою-өрнек кестелеген,
Сөзім бар, інжу-маржан дестелеген.
Қаным бар қазағымнан айнымаған,
Жүрегім қаймықпаған, ештемеден.
Өнердің қай түрінде, қолдап жүрмін,
Бағытын қол өнердің, оңдап жүрмін.
Оюлап киіз үйді, қаптап беріп,
Намысын облыстың қорғап жүрмін.
Сөз алдым, теледидар «Ақшамында»,
Газетім тың-тақырып ашқаныңда.
Жүргем жоқ, жалғыз бастың қамын ойлап,
Жүремін жайын ойлап басқаның да.
Уақыттың ыңғайына жығылайын,
Қарсылас ақыныма бұрылайын.
Әніме құлағың сал, қашқын ақын,
Мен сенің қай жағыңнан ұрынайын.
Жүрмісің сау-саламат, әріптесім,

Үйреніп қайта құру, әліппесін.
Шақырып шалқар шабыт отыралық,
Тыңдаушы мынау халқым, дәріптесін.
Басыңа жаулық тартып келсең еді,
Мұншама ақылыңыз келте ме еді.
Сізді іздеп Тасқұдыққа барғанымда,
Жайыңды жасырынған көрсем еді.
Тығылып іннен-інге шыға алмадың,
Ореке, бұл сырыңды ұға алмадым.
Айтысу қолыңыздан келмеген соң,
Жайыңа неге қарап, жүре алмадың.
Жүріпсің ақынмын деп, жай қиналып,
Ұзақ күн сізді күтіп, пай жинадық.
Қаны бар ақын болсаң, жүрмес пе едің,
Совхоздың намысы үшін, ай жиналып.
Ореке, жақсарды ма жағдайыңыз,
Жазылып, күйіп қалған таңдайыңыз.
Қысылып-қымтырылып қала ма деп,
Термедік кемшілікті арнайы біз.
Тінәлі, Алатауың Аралайымың,
Жайы бұл, фермалардың қалай бүгін.
Жолының қатынасы жақсарды ма,
Ол жақта, жол жағдайын қарайды кім?
Көп сұрақ қойман деп, ем бастапқыда,
Көкейде сұрақ тұр ғой, қаптап мына.
Шаруаға жайлы тисе, неге көшті,
Он шақты үй қалыпты Батпақтыда.
Шаруаны дұрыс жолға бет бұрғызды,
Ұйымшыл еңбексүйгіш, топ құрғызды.
Құлауға аз-ақ қалған, совхоз едің,
Совхозды Мұрат құрдас, кеп тұрғызды.
Бойыңа ақылыңыз сайма деп,
Жасапсыз жеңіл жұмыс айламенен.
Құрдасым директор боп, барғаннан соң,
Шығыпсыз үш миллион сом, пайдаменен.
Басшыңды жамандама, сұрағаным,
Совхоз ең әзір тұрған, құлағалы.

Мұраттай директордан айналайын,
Таппайсың іздесең де, шырақ алып.
Болса егер көрмей айтар, көріп келің,
Сынай бер, міндерімді теріп менің.
Келмедің кездесуге, тым болмаса,
Өзіңнің жеңеріңе, сеніп пе едің?
Елімнің бір қызымын, ардақтаған,
Сөздерім қорғасындай салмақтаған.
Ақыным мықты болсаң, ән шығаршы,
Тап қазір, осы арада арнап маған.
Ораке, сұрақ қойсаң, жауабым жоқ,
Қайтты ғой менің сізден, тауаным көп.
Келіп ем айтысам деп, айтыспадың,
Қоятын енді сізге сауалым жоқ.



Тұрғын үй, 91-ге таң емеспіз,
Біз деген үйге мұқтаж жан емеспіз.
Көшеміз кең де, таза, әрі түзу,
Совхозбыз, айыбымыз қала емеспіз.
Оларға күні де бір, түні де бір,
Ойлайды табыс көзін, күн ілгері.
Жәнібек, Ерік деген, аға малшы,
Өкшелес жігіттерде, жүр ілгері.
Қалмайды жұмыс десе байыздары,
Махамбет, Абат, Сайын, Қайыржаны.
Арқасы құрылысшының, осылардай,
Құрылыстың кеңге қанат жайылғаны.
Татар, орыс, неміс, молдаван бар,

Не жетсін, достық туын қолдағанға.
Келгенде азып-тозып, келіп еді,
Байып алып, көшіп жатыр, оңбағандар.
Көп екен қайта құру, тармақтары,
Халықтар бас көтерді, жан-жақтағы.
Әлділер «аренда» деп, байып жатыр,
Әлсіздер кедейленіп, қалмақтағы.
Ақыннан сұрасаңыз, шаруа жайын,
Жем-шөбім әзірленді, бәрі дайын.
Қымталды қора-қопсы, жылы таза,
Жемейміз бұл жағынан сары уайым.
Қыздар бар темір-тұлпар ерттеген,
Ақыным үлгі алыңдар, келіп менен.
Тойған мен Айғанымға еліктеген,
Үш қыз бар, тракторшы еңбектенген.

Аида, Гүлнәрларым мақтандарым,
Жолдардың шығарып жүр, ақшаңдағын.
Жайы бар космосқа ұшатұғын,
Ол жағын неге ойламай, жатқандарын.



ЕРНАТҚА

Өтініш бойынша жасқа толған балаға арналған

Бүгін міне бірге толдың өренім,
Ернат, саған арналады өлеңім.
Нұрлы аспан, бейбіт өмір тілеймін,
Туған күнің құтты болсын, бөбегім.
Ата-анаңды қуантуға туыпсың,
Ел мерейін асыратын ұлық бол.
Адамдық пен әділдікке жуық тым,
Қайрандағы мөлдір судай тұнық бол.
Мақтаны бол атаң менен анаңның,
Өсіп жетіл, сырын ұғын ғаламның.
Қайда жүрсең өсіп-өнген ортаңда,
Алдыңда жүр өнегелі адамның.
Сен ұрпақсың артымызға қалдырған,
Жігерлі бол, намысты бол, арлы бол.
Әрқашанда ақ күн тусын алдыңнан,
Өсіп ер жет, тең құрбыңның алды бол.



ХАЛҚЫМА КӨҢІЛ АЙТАМЫН

(Ұлы ақын Қадыр Мырза Әлінің қазасына)

Жайсыз хабар, күтпеген,
Қадыр ағаның қазасы.
Мәңгілік ұйқы-бітсе дем.
Халқына қалды азасы.
Еліне келіп жақында
Тойлатып кеттің халқыңды.
Келместей қайтіп расында,
Ойлатып кеттің артыңды.

Бетпе-бет келдік дертіңмен,
Тойыңды жасап тұрсақ та.
Жырыңды оқып, серпілген
Көрініп кеттің ұрпаққа
 О ғажап, неткен мықтылық?
 Жүрекке салмақ жүктедің
 Қарсы алсақ та тік тұрып,
 Қоштасамыз деп күтпедік.
Жоғалттық ұлы тұлғаны,
Халқыма көңіл айтамын.
Мәңгілік жазған жырлары
Ол жайлы талай айтады.

24.01.2011 Ақсай қаласы



ХАЛҚЫМЫЗ ЕЛБАСЫНА СЕНІП ОТЫР

Жайылды атағыңыз жер шарына.
Ұл болдың туып кеткен ел бағына
Саралап жетпіс жылғы ғұмырыңды,
Тарихтың куә болдық бер жағына.
 Ұлтыңның туған ұлсыз маңдайына
 Жұмыстың төтеп берген қандайына
 Тартасыз домбыраны, ән саласыз
 Бұл-бұл құс ұя салған таңдайыңа
Білгірсің саясатты шағып ішкен.
Тұлғасыз-елің куә, бағың үстем
Арқалап еліміздің тауқыметін,
Жанды жеп, еліміздің қамын ішкен.

Отырсыз, көзбен шолып жердің шарын,
Көтеріп отырсыңыз елдің бағын.
Жаптырып полигонды бізден бастап,
Соғыссыз жер-анаға бердің дамыл.
Күллі әлем бұл ісінді көріп отыр,
Зор қатер табиғатқа төніп отыр.
Мазалап осы жағы жаныңызды
Кәзіргі уайымыңыз болып отыр.
Тіршілік Жер-анамыз жанымыз деп,
Апаттан жерді қорғап қалыңыз деп.
Ой тастап ғалымдарға отырсыңыз,
Өнімді күн мен желден алыңыз деп.
Табылар мұның да бір тетіктері,
Көзін табар ғылымға жетіктері.
Әлем болып ойлайтын уақыт келді,
Жер-ана әр адамның бесіктері.
Белгілі тауқыметтен қашпайтының,
Халқыңды тағы алға бастайтының,
Лайықты арыстанға жүрегің бар
Көрінді кедергіден саспайтының
Саммитте әлем қолдап бастаманы
Көзімен көріп кетті Астананы,
Ішінде ел басқарған жиырма жылдың,
Отырсыз іс атқарып асқаралы.
Елбасы, халық сізге сеніп отыр,
Көп болып ымыраға келіп отыр.
Тағы он жыл ұзартып ел билеуді,
Тек қана сіздің қолға беріп отыр.
Халықта қалыптасқан төзім ізгі,
Бетпе-бет көрмесе де көзіңізді.
Елбасын мақтан етіп отырған ел,
Қайтадан хан сайламақ өзіңізді.

2010 ж.



ЕНДІГІ ҮМІТ ӨЗІНДЕ (Мәлс Қосымбаевқа)

Атып келе жатырған таң боп ата бер,
Байқап қалсаң таланттарға бата бер.
Мың құбылған Каспий өзен түсіндей
Мың пікірде ән-жырыңды шаша бер.

Саған тәңір шабыт берсін аса мол,
Сен бастаған қалмаса екен таса жол.
Жас-кәріге берген батаң даритын,
Маған бала, немереме ата бол.

Ұлылықты дарыныңнан іздейін,
Хабарласып, байланысты үзбейін.
Қадыр өлді, ендігі үміт өзінде,
Тілектің бар біле жүргін біздейін.

Көз алдымда кең пішілген мүсінің,
Халқың терсін шығармаңның түсімін.
Ұғымың кең жаратылған ұлсың ғой,
Саған лайық ұлылық пен кішілік.

Көп білгеннің бағы менен соры тең,
Халық сүйген жайсаң ердің жолы кең.
Сенің кеудең ұлы ойларға тұнып тұр,
Жас кезіңнен түсінгенсің оны сен.



АЙТАРЫМ КӨП АҚТАРАТЫН

Ел-ана айтарым көп ақтаратын,
Сыр сандық ашылатын шаққа жақын.
Келбетің көз алдымнан кетер емес,
Түсірген қос жанардың аппаратын.

Жырақтау жүргеніме қарамадым,
Қияменен қырыңды араладым.
Ат ізін араға бір салмағаным,
Жанымды жай таптырмай мазалады.

Малтымды сағыныштың айдынында,
Ортақпын қуаныш пен қайғыңызға.
Ел-ана, кешіре алсаң, кешір мені
Соғармын дәм-тұз тартқан ай жылында.

2000 жыл



ДӘМЕЛІГЕ

Баураған асыл сөздің дауылы ма?
Ақын қыз халқы сүйген аруы ма?
Ораз бастап дүйім жұрт келдік бүгін,
Ақын қыз Дәмелінің ауылына.

Шақыру хабар жетті арнап маған,
Қазақ жұрты ән-жырды ардақтаған.
Дәмелі ақын болып танылғанда,
Қалайша келмей оған аулақ қалам?!

Арнауым - қол көтермес қаруымдай,
Өректіп ауыр тыныс алуымды-ай.
Апасы Қыйбатпенен құрдас едім,
Дәмелі маған туыс бауырымдай.

Дәмелі өзіңе тән адалдығың,
Мақтап жүрсің мектептей ұяңды мың.
Жырыңның шумағына нұр береді,
Таза жүрек, ақтығың ұяңдығың.
Саз тербеп, нәзік сиқыр күй кешесің,
Талайы жазылғанның берді есесін.
Он перзенттің аяулы анасысың,
Тебіреніп тереңнен сыр шертесің.
Жалынды жырға арналсын бар уағың,
Тағдырдың көрмегейсің тар уағын.
Ауданыңа белгілі ақын болдың,
Дәмелі, үстей берсін аруағың!!!

*Хабиева Қама, ақын
Сырым елі. 1988 жыл.*



ҰЛЫ ТОЙДАН БАСТАУ АЛДЫ ЖЫЛ БАСЫ

Хош келдіңдер, қырандары Жайықтың,
Әрқашанда мақтануға лайықты.
Үлес қосқан ел мерейін үстеуге,
Батырларды қарсы алмасақ айып бұл.
Қалай өтті шығар күн мен батар күн
Қандай екен салтанаты шаһардың.
Көк байрақты желбіреткен сіздерді,
Алда талай мақтанышпен атармыз.
Алдарынан ешкімге орын бермеген,
Қарсыластар өздеріңдей пенде ме?
Жеңіс сайын биіктеді еңсеміз,
Қалай ғана мақтанбаймын мен неге?

Екі, үш, төрт боп сырғи берді төменге,
Қиынырақ соққан болар ол елге.
Атын атап намысына тимейін,
Ұл-қыздары жандар еді өлермен.

Жеңімпаздар сайраңыздар аржағын,
Қуаныш қой жеңіп жүлде алғаның.
Алда талай асулар тұр алатын,
Көгімізде қырандардай самғағын.

Спорт- жігер ел мерейін асырған,
Өздеріңдей туа берсін батырлар.
Өсіп келе жатқан шығар ортада,
Сырым батыр, Махамбеттей асылдар.

Жайлап басып жалпақ алған қазекем,
Қынжыларым, қара көздер аз екен.
Мақтанарым ұлан-байтақ елі бар,
Қазақ деген намысты ел бар екен.

Бағыт сілтеп жанып тұрған шырағдан,
Қара көз ер-қазақ атын шығарған.
Жер адамы айналғанда қыранға,
Ер атағы айналады ұранға!

Көк байрағым желбіресін көгімде!
Алшаң бассын сайып қыран елімде!
Ұлы тойдан бастау алды жыл басы,
Тәуелсіздік нық орнасын өмірге!

Ата берсін талай таңдар күлімдеп,
Қара көздер көбейер деп түбінде.
Осы өлеңді өздеріңе жолдадым,
Алдарыңнан алып шыққан гүлім деп.

09.02.2011



АЛҒЫС АЙТАМЫЗ

(Маңғыстау облысы «Шағала» санаторийіне)

Санаторий аталады «Шағала»,
Өте жақын орналасқан жағаға.
Көз алдында Каспий шалқып жатады,
Дем алуға шыға қалсаң далаға.

Қазағымның дәстүріне сай жағы,
Қыздарының мінездері жайдары.
Демалуға келіп-кетіп жатады,
Алыс-жақын облыстар аймағы.

Дем алуға келеді екен шет елдік,
Сан-алуан ұлттар жағы жетерлік.
Риза боп кетерінде олар да,
Елімізге тілейді екен есендік.

Шипаңыздың неше түрін алдық біз,
Еліңізге риза боп қалдық біз.
Аз жатсақта келіп жатқан халықтың,
Біразының мінезіне қандық біз.

Біреулермен үлгермедік танысып,
Себеп таппай сөйлесуге жабысып.
Дем алуға келіп жатыр жан-жақтан,
Денсаулыққа себеп іздеп жан үшін.

Біздер бүгін үйімізге қайтамыз,
Шын жүректен сізге алғыс айтамыз.
Ақ ниетпен қарсы алар деп ойлаймыз,
«Шағалаға» келер болсақ қайта біз.

*Зейнеткерлер Ақзипа,
Дәмелі Құсайынқызы,*

БҚО, Ақсай қаласының тұрғыны, 2008 ж.



ШІЛДЕХАНА ШАШУЫ

Бал бөбегім – Бағдатым,
Бата берем салмақты.
Бата берген бұл әжең,
Саған өлең арнап тұр.
Ұлдың ұлды болғаны,
Тілекті Алла қолдады.
Өсіп-өніп ер жетіп,
Әйгілі адам бол, жаным!
Өсіп-өніп ер жеткен,
Он баланы тербеткен,
Құтты болып қолдарым,
Куанамын ер жетсең!
Тіккен ісім тіптен мол,
Бес киіз үй тіккен қол.
Жан-жақты боп өссін деп,
Сеннен үміт күтем мол.
Емес қолым арзан қол,
Бес кітапты жазған қол.
Сендей біраз сәбиді,
Ақ бесікке салған қол.
Саған салмақ салам бір,
Мен ұстаған қалам бұл.
Сақта, кейін ұстарсың,
Келген кезде заман бір.
Мына өлең жинағын,
Нәрестеме сыйладым.
Тал бойыңда өскенде,
Есіп тұрсын иманың.
Қусаң менің жолымды
Сен де ақын боларсың

Азамат боп толымды
Тұғырыңа қонарсың.
Сұңғақ сұлу, бойлы бол
Биіктеу тұр басқадан
Парасатты, ойлы бол
Тіл бітірген тасқа да
Тілекті бер жасаған!
Аман жүрсін ата-анаң
Және тілек тілейін,
Оза ту деп атадан.
Қасиетті қолыммен,
Бесігіңе бөлейін.
Бата бердім жолыммен,
Үстем болсын мерейің.
Өлеңнен жіп өрейін,
Бесігіңе бөлейін.
Атаң-әжең тілегін,
Әнмен жырлап берейін.
Намысты бол, қанды бол,
Дәулетті бол малды бол.
Биік мақсат иесі
Ақылды бол арлы бол.
Шілдехана шашуын,
Ақ батаммен төгейін.
Тілегімнің асуын,
Алладан деп сенейін.



ЕЛІМ ЖАЙЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР

Бұдан алпыс жыл бұрынғы Жосалының келбеті,
Ойлы-қырлы, сай-жыралы болатұғын жер беті.
Алатаудың етегінде ағып жатты Өлеңті,
Көз алдыңа елестетші, оқырманым, жерлесім.
Алатаудың етегінде жылқы өрісі болатын,
Өлеңтінің бергі бетін малшы жайлап қонатын.
Қансұлудай шешеміздің іштік талай қымызын
Жылқышы ата Жолдыбайдың болатұғын зор аты.
Өлеңтінің қайраңында қайнап жатты бұлағы,
Қамшы өріп, себет тоқып, пайдаландық құрағын.
Он шақырым болатұғын қыр үстімен жүргенде
Көз алдыңа елестейтін қырдың алып жыланы.
Сұр жыланның арқасында жүріп бара жатқандай,
Қырдың қыйыршық тастары табаныңа батқандай,
Жылан-қырдың екі жағы ойпаң-малдың жайлауы
Тойынған мал көрінетін-қоңыз ұйықтап жатқандай.
Бара жатып, келе жатып қыр жыланын қызықтап,
Жыландарды қуалайтын өшіктіріп бұзықтар.
Соның бірі өзім болдым мойындаймын бүгінде
Ойлап көрсем соның бәрі-кешірмейтін қылықтар.
Өшіктірсек қыр жыланын бізге қарсы шабатын,
Ақымақтық балалық шақ содан ләззат алатын.
Он бес шақты сұр жыланды өлтіргенге мәз болдық,
Жайбарақат жылжыса да ойында жоқ шағатын.
Бөдененің балапанын қосқа әкеліп қамағам,
Қанша екені есімде жоқ, ұмытыппын, санағам.
Қайтып келіп қоршауымды ашып қалсам бірі жоқ
Мүмкін жылан жеп қойды ма көрмепті бір жан адам.
Сауын сиыр қыстайтын жер Аққұдық деп аталды.
Сол арадан бастайтынбыз біз мектепке сапарды.
Алпыс жылдан кейін көрдім шеген де жоқ, құдық жоқ
Аққұдықтың жоқ жұрнағы, аяқ асты тапалды.
Аққұдықта қыс бойына сауын сиыр қыстайтын.

Шеген биік болғандықтан мал бораннан ықпайтын.
Ертелі-кеш сауын сиыр бұзаулайтын қыс бойы,
Жылы, жайлы, жарық үйде бұзауларды ұстайтын.

Суықта да, боранда да, мал қалмады бағылмай,
Шеген болды қысты күні мал қыстайтын айлапат.
Биіктігі екі метр, ені метр жарымдай

Ықтасында мал жүретін күйістеп жайбарақат.
Қоңыр болды орталығы, сайдың екі бетінде
Ақсай жаққа айдау жолы елдің шығыс шетінде
Сайдың қыр жақ бетінде тек оншақты үй болатын
Қырат жақтан құлағын су өткел бермей толатын.

Тың көтерген жылдардан соң сайдың басын бөгепті.
Ел басқарған басшылары жан жақтарға жөнепті
Ағаш егіп, құм тоқтатпай, сайды құммен тегістеп
Айналғанда орталықты құм тоқтаған шөл етті.

Су ағатын жыраны да бөгемеген жөн дер ем,
Дұрыс болар сайдың жолын ашып қайта жөндеген.
Сайдағы ауыл атымен жоқ, сайы да жоқ құм басқан
Елге барсам орталықта, көк орай жоқ, шөлдеген.

Қияқты көл-асты теңіз, үсті қияқ жайлау ғой,
Қоңырменен өтетұғын Ақсай жаққа айдау жол
Бұлдырты мен Жымпитыдан тіке асатын Ақсайға
Менің ойым ұрпақтарды ойлануға қайрау ғой,
Жаңғазының дәл түбінде айдын Соркөл болатын.
Сол айдын көл көктем келе қар суымен толатын.
Текті құстың неше түрі: Тырна, Аққу, Көкқұтан
Осы көлге ажар беріп сан түрлі құс қонатын.

Ащы-тұщы естелікті естеріңе саламын
Жастық шақты ойлап кейде содан ләззат аламын.
Бұлақ көрсең көзін аш та, бөгет көрсең көпір сал
Солай ғана келтірген жөн тұрған жердің ажарын.



КӨРІМДІК

Алғашқы өлең жинағын,
Бірінші маған сыйладың.
Өлең боп өтсін өмірің
Жарқырай берсін дидарың!!!

 Кеудесін әнге кернетіп,
 Рухын биік ұстаған,
 Ізденістермен ер жетіп
 Білімін әр кез ұштаған.

Азамат болып өсіпсің,
Адамдық жолды құптаған.

Ақсайға ерте көшіпсің,
Көңілің елге мықты алаң.

 Дос-жарға көңіл бөліпсің,
 Өлең ғып сөзді өріпсің.
 Жүрегің ән сап тұрғасын,
 Сүріпсің өмір көрікті.

Ұл-қызың бойын тіктеген,
Арманға жеткен діттеген.

Сүйгізген сізге немере,
Қуаныштарың тіпті ерен.

 Ән салып жеттің алпысқа,
 Мұқалмай тірлік-тартысқа.
 Рухың самғап тұрғанда,
 Ойлағаныңды қарпып қал.

Сыңарыңның келбетін

Ай нұрына балайсың

Махаббатпен тербетіп

Аялайсың, жарайсың!!!

 Жар қадірін білетін,
 Мазмұнды өмір сүріпсің.

Ұлағатты жұп болып
Адам бопсың білікті.
Алла берсін тосын сый.
Алдыңнан бақ жосылсын!
Қайғы-мұңсыз ғұмыр кеш,
Жасыңа жас қосылсын!!!
Өлең болып өрілдің
Адам болып көріндің
Қабылтайжан, өлеңім,
Кітабыңа көрімдік!!!



ТІЛЕК

(Қабылтай Хасановтың жаңа кітабына)

Тағы бір ақын елге қосылыпты,
Ақтарсың, Қабылтайжан, осы үмітті.
Өмірге бережағын бермегендер,
Соңынан бармақ тістеп опыныпты.
Жалғай бер өнеріңді, әлі жассың,
Тек қана алты қырдан жаңа астың.
Тіршілік тосын сыйы – кәрі-жастың,
Ән тербеп қиялыңмен жағаластың.
Көтеріп жүре алсаң осы жүкті,
Өлеңің әуеніңе қосылып тұр.
Ән болып, өлең болып өмір сүрсең,
Өмірден өтем деме өкінішті.



АУЫР ӨНЕР

Өлең шықпақ ұшқыны күйдіреді,
Қуатыңа басыңды идіреді.
Өлең сен, мен, ол және барлығымыз,
Айтарыңды қозғаса жанды жыры.

Шын иесі өлеңнің-ақын аты.

Ол оқ дәрі-мезгілсіз атылатын.

Өлең азап-өзіңді кеміретін,

Қинағанда жаныңды егілесің.

Өлең-у, шыбын жанды қинайтұғын

Өсекші шекараға сыймайтұғын.

Өлең - емші, дұшпанды табыстырған,

Жігер, қуат- өн бойы намыс тұнған.

Өлең-аяз, жаныңды қалтыратқан,

Дуалы сөз, құралған сан сұрақтан.

Өлең - дұшпан құзға да лақтыратын,

Жауыңды дәл қасыңнан таптыратын.

Өлең шуақ-нұрына жылынатын

Өлең самал-сан түрлі құбылатын.

Алай-түлей ететін өлең дауыл,

Өн бойыңнан өтетін-өнер ауыр.

27.01.2011 Ақсай қаласы



САЛТАНАТ СОЛАЙ АШЫЛДЫ

(Астанада Азиадааның ашылуынан әсер)

Ғаламат көрініс ертегі,
Ертегі аңыз шертеді.
Жүректен бәрін өткіздік,
Шындыққа келед сенсеңіз.
Табиғат сырын түсінген.
Көрніске көбін түсірген.
Тарихым жайлы аңызға
Таңғалып қалдым ішімнен.

Дүние сұлу дөңгелек,
Көруге оны көз керек.
Тарихым жайлы ертегі,
Шертудің өзі өзгерек.
Салтанат солай ашылды,
Толғады өткен ғасырды.
Ғаламның сырын айтқыштар,
Айтқыштардан да асырды.

Жаныңа ләззат құйғызып,
Аңызға бәрін сыйғызып,
Көзбенен көрдік аңызды,
Домбыра шертті күй ғылып.
Көңілдеріміз жайланды,
Шындыққа тарих айналды.
Жүрекке жеткен аңызға,
Таңғалып тілім байланды.

Шет елден келген қонақтар,
Таңғалған шығар өзі-ақ та.
Көзі ашық ұрпақ жаңғырса,
Жалғасы сондай болад та.



СПОРТҚА ЖЕҢІС ТІЛЕЙМІЗ

Толқу мен үміт тербемек,
Шаттыққа толы сананы.
Спортқа қарап елгезек,
Азиадаһы қарадық.

Спортқа бұл күн жеңіспен,
Сәттілік тілеп отырдық,
Жанкүйер болып тегістей,
Спортшыларға қосылдық.

Жан беріп және жан алып,
Басталып кетті жарыстар.
Көз жазбай біз де қарадық,
Алдырдық бойды намысқа.

Алтын медальдан үміткер,
Жұдырықтасты жігіттер.
Бойларымыздан жүгірді,
Үміт пен бірге күдіктер.

Қуалап қыздар шайбаны,
Асырды көбі айланы
Қақпаға бір доп сала алмай,
Қарсыластары жайрады.

Азиадада көрсетті,
Ойынның біраз түрлерін
Алыс елдерден жол шекті,
Қазақ еліне іргелі

Асырды елдің айбынын,
Киелі Медеу айдыны.
Бөлінсе көңіл спортқа,
Рухымыздың байлығы.

Қандары бойда тулады,
Конькилер мұзда зулады.
Намысты жастар көбейді.
Спорттың жолын қуғалы.

Сырғанау мұзда мәнерлеп,
Асырды Медеу мерейін.
Сәттілік тілеп бер елге,
Шабыттарыңды демейін.

Намысты қолдан бермейміз,
Спортта талай ерлейміз.
Спортшы ұл мен қыздарға
Өз күштеріңе сен дейміз.

Азиада алау шеруі,
Еліме мақтан келуі.
Қосылған ұл-қыз спортқа,
Бабына қарай жеңуі.

31.01.2011 Ақсай қаласы.



ҮКІЛІ ҮМІТ (Қадыр Мырза Әліге)

Суыртпақтап суырып алам,
Аға, сізден өлеңді
Өзімді кейде қуырып алам,
Сізге де аян ол енді.

Қолтығымнан демейтұғын,
Қажет боп тұр пікіріңіз.
Уақыт туса елейтұғын,
Жауап алу үкілі үміт.

Бес алудан үмітім жоқ
Артық баға қажет емес.
Шығысым көп, кірісім жоқ
Кіріс күту әдет емес.

Ақындықтың азабына,
Сіздей төзу қиын маған
Ал шабыттың (мазағына)
Көнем соқса құйындаған.

Шабыт қысса, аға сізді,
Сіз жауапсыз қала алмассыз.
Шашып жүрген бар ақылды,
Таңданарлық-ғажап жансыз
Мазаңызды ала берем,
Аға ғафу етерсіңіз
Келіп жатса жаңа өлең,
Сіз айығып кетерсіңіз!



ЖЕЛЕ-ЖЕБЕ!

Дейтін сені «Азамат қой сымбатты»,
Сен алыстап бара жатсың, қымбаттым.
Көз алдыма елестетіп тұлғаңды,
Бүгін тағы рухыңа тіл қаттым.

Сенің орның жүрегімде, қиялда,
Сені еске алып сағынудан ұялман.
Біраз болды сенсіз жүріп жатырмын,
Біз екеуміз өмір сүрген ұямда.

Сағынышты жүрегімнен өткізем,
Айтшы маған, саған қалай жеткізем.
Үндемейсің, алмайсың ба сырласып,
Сеннен асқан сырласым жоқ деп білем.

Телефонмен Надеждамен сырласам,
Ескі дос қой және құрдас шындаса.
Елді айтамыз, жастық шақты қозғаймыз,
Солай достым Үмітпен көп мұңдасам.

Үміт өзің құда түсіп барған қыз,
Замандасың Мақсот ағай алған қыз.
Сексен оның денсаулығын қозғап жүр,
Дәрігерге қаралып жүр армансыз.

Орыс-қазақ арасынан шыққан қыз,
Айтарыңды қабағыңнан ұққан қыз.
Ташаева Надежданы білсеңдер,
Ақылды ұстаз, жар таңдаудан ұтқан қыз.

Сырлас жоқ деп айтпайыншы күпірлік,
Үміт бар деп етем кейде шүкірлік.
Зейнетақы алып жүрміз бір шама,
Жетіп жатыр қаражатқа күтімдік.

Ескі достың орны мүлдем бөлек қой,
Жастығыңды қозғайтұғын дерек қой.
Екеумізді желе-жебе жай жатпа,
Қосағыңмын, қолтығымнан демеп қой.

27.12.2010 ж.



ҚҰДА ТҮСУ ТОЙ БАСЫ

(Әні бар)

(Өлең құда түсу анықталғаннан
кейін айтылады)

Қош келдіңдер, қонақтар,
Ел-жұртыңыз аман ба?
Ән болады өзі-ақ та,
Той болғасын әмәнда.
Қадамдарың оң болсын,
Бізден тілек сол болсын-ай!
Отырыңыз жайланып
Сөз қозғаңыз айналып.
Құда түсу той басы,
Әнім тойға байғазы.

Қайырмасы.

Қыз өсірді біздің жақ,
Қыздың жолы жіңішке.
Ұл өсірді сіздің жақ,
Отау құру үмітте.

Қайырмасы.

Сіз бастаңыз аржағын,
Біз жалғармыз қалғанын.
Екі жақтың міндеті
Қолдау жастар арманын.

Қайырмасы.

Салттан қалай асамыз,
Қинамаспыз аса біз.
Құда түсе келгесін,
Той кәдесін жасаңыз.

Қайырмасы.

Айтып игі төрелік,
Әңгімені өрелік.
Екі жасқа екі жақ,
Батамызды берелік.

Қайырмасы.

Орындалсын ойларың,
Құтты болсын тойларың!
Екі жасқа екі жақ,
Бата етті деп ойлағын.

2011 жыл.



ӨЗІМЕ ЖАУАП

Сыңғырлаған дауыс келді құлаққа,
Жүзі маған таныс емес бірақ та.
Өтініші кітабына алғысөз,
Не деп жауап қайтармақпын шыраққа.

Жауап таппай қиналудай қиналдым,
Қол ұшымды созуға көп жиналдым.
Аға деген қарындасқа елдегі,
Ақ батамды берейін деп ұйғардым.

Төрт бес өлең жіберіпті оқы деп,
Өлеңіме баға керек осы деп.
Қарындастың маған қояр сұрағы,
«Ақынмын ба» - қандай жанмын осы мен?

Қарындастың Дәмелі екен есімі,
Жауап жаза алмай жүрмін кешігіп.
Шабыт келмей шаршатып тұр қарақ деп,
Сұрасам ба екен әлде кешірім.

Аға болып жауап жаздым өзіме,
Елесім де түспей тұрса көзіне.
Ұлы ағаны неге сонша қинадың,
Нең бар еді деп керегі осы өзіңе.

2010 жыл.



ӨЛЕҢНІҢ АСҚАҚ АЙБЫНЫ

Айқайлап жылай алмаймын,
Жанарым шыққа малынды
Ауырлап жүрген жандаймын,
Қара өлең қара жамылды.

Жоғалттық Ұлы алыпты
Тұнған жыр еді жарықтық
Халқымыз іштей жылап жүр,
Қаусатып кетті халықты.

Ауырлау соқты қазаңыз,
Біршама іштей егілдім.
Биік еді ғой бағаңыз,
Ағатай хош бол дегіздің.

Сұм ажал неткен қатыгез
Алып тыншыды ақыры.
Шындықтың айтсақ атымен,
Қаһарман, Халық батыры.

Паспорты еді қазақтың
Өлеңін алға тартқанда
Құлы еді өлең-азаптың
Өзіне міндет артқанда.

Ағамыз дерті-өлеңмен,
Өліп кеткенше күресті.
Қайсар ғой аға дегенмен
Өлгісі келмей тіресті.

Көрсетіп алды қимылы,
Халықты биік тұтқаны.
Ақырғы рет ширығып,
Ел алдына шыққаны

Атымды жазып қолыңмен
Қолтаңбаңды жолдап ең
Оқырмандық жолыммен,
Соған да ырза болған ем.

Телефонменен қай күні,
Сұрасып жүрдім амандық.
Өлеңнің асқақ айбынын

Жоғалттық Халқым-жамандық
Қадыр Мырза Әліні,
Бағалайтынбыз бәріміз.
Ғасырға ғасыр жалғайтын,
Ауызда жүрер-әніміз.

Ақынмын деуге батпаймын.
Оқырманыңмын, жерлеспін.
Сеніміңізді ақтаймын,
Мазаламайды енді ешкім.

Өлеңнің қара жорғасы,
Кенеттен бақи болғасын,
Көңілім құйған қорғасын
Иманың болсын жолдасың.

27.01.2011,
Ақсай қаласы

ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!!!

Аямайтын батамды жолым бар-ды,
Тілекші едім, тілегім орындалды.
Сізді қолдап Алладан тілек тілеп,
Жүрегімнің тұсына қолым барды.

Ол бастан-ақ мен сізге тақ тіледім,
Орындалды ой Алла ақ тілегім.
Елбасымыз жұмысын жалғастырмақ,
Ақ тілеулі халқыма бақ тіледім.!

Құттықтаймын халқымның жас-кәрісін,
Елден алмақ Елбасы бастар ісін.
Әлем танып отырған қазақ елін,
Дәлелдеді атқарған асқар ісің.

Ақ түйенің қарыны жарылған күн,
Халқың қолдап қасыңнан табылған күн,
Сан миллион халқыңның жүрегінен,
Жүрек жарды ақ бата ағылған күн.

Құтты болсын Елбасы тұғыр-тағың,
Ұзақ болсын ләйім ғұмыр-бағың.
Ұлылығың халқыңды мойындатты,
Мен әрқашан осындай ұғымдамын.

Қуаныштан жанардан жас ағылды,
Іс тындырдық тарихта аса құнды.
Тәуелсіздік жылдардың жиырма жылы,
Жыл басынан бастап той жасалынды.

Құттықтаймын Елбасын, халқымызды!!!
Бүтіндеген жыртылған жартымызды.
Тілді, ділді, иманды жолға қойып,
Жалғастыра берейік салтымызды.



ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛІ ҰСТАҒАН ҚАЛАМСАП

Басталғанын көргенім жоқ, кеш қалып,
Сіз жайында кеш өткізді «Кеш жарық».
Сізді ажалға қимай жүрген кез еді,
Жанарымнан жас ағылды, еске алып.

Бірін оқып, біреуіне ауыстым,
Жырларыңның көбін оқып тауыстым.
Сен ұстаған қаламыңмен, ағатай,
Сенің қырқың болған күні қауыштым.

Аға сізге ризамын молынан,
Аттамапсың уәде еткен жолынан.
Қаламыңды алдым, аға, еліңде,
Кенже балаң Газезжанның қолынан.

Сағынышты ақ қағазға ақтардым,
Қаламыңды қол қоюға сақтармын.
Әрі жерлес, әрі оқырман ролін,
Қазаңызға қайғырғанда атқардым.

Почтамен салам деп ең салыпсың,
Өле қалып қан жылаттың халықты.
Сен халықтың жүрегінде, аузында
Мәңгі бірге жасайсың ғой, жарықтық.

Сөзбен айтып жеткізуім мүмкін бе?
Арамызда жоқсың, аға, бұл күнде
Жоқтағанда туғаныңдай жоқтасам,
Жанарымда жас тұрады кілкілдеп.

Рухыңа жүгінгенді қолдадың,
Отаныңа сен борыштар болмадың.
Мына мен де хабарластым өте кеш,
Кітабыма алғысөзді жолдадың.

Телефонмен өлең оқып, мазалап,
Көңілімді алатынмын тазалап.
Қоштасатын кездің таялғандығын,
Сезгендей-ақ тілдесіппін ғажап-ақ.

Сағыныштар жылдан жылға асқынар,
Әлі талай жанарларға жас тұнар.
Өзін ақын санап жүрген немерем,
Кәмилама қаламыңды тапсырам.

Ескендірдің әні менен мәні бір,
Бұл өлеңді шырқатып жүр ғаламшар.
Сөзін жазған «Атамекен» әнінің,
Қадыр Мырза Әлі ұстаған қаламсап.





**Маңғыстау. “Шағала” санаторийі.
Ақзипа құдағай екеуіміз.**



Ақсайдағы Мәдениет үйінде кездесу кеші.



**Талғат Сидық гүл ұсынып тұр.
Ақсай Мәдениет үйінде.**





Атырау мұражайының алдында



**Қадыр Мырза Әлінің қаламсабын
Мэлс Қосымбаев немерем Кәмилаға тапсырып тұр.**



**Ақшұқырда мектептің алдында.
Маңғыстауда.**



**Каспий жағасында Әмина, Кәмила
немерелеріммен бірге.**



Солдан оңға қарай: Қойшина Айсауле, Олжабаева Динара, апа, Дәмелі Құсайынқызы, Нұрмұхан Үмітгүл, Үмбетқалиева Заря, Құрмашева Жұмагүл, Көкен Гүлжамал, Бекбосынова Анар, Мэлс Қосымбаев,, Апай, Нұғыманов Айсағали, Қапашова Амангүл, Қасымова Күләш, Елубаева Гүлжамал.



Ақзипа құдағай, ата (Атырауда) ұлым Нұрлан немерелерім, Әлина, Кәмила, Шолпан - Венера, келінім



Ұлдарым: Нұралы, Қуаныш, Нұрлан



Қазығұрт ауданының аудандық кітапханасында



**Оңтүстік Қазақстан, Шымкент, Қазығұрт ауданының
кітапханасында кездесу**



**Жергілікті ақынмен сәлемдесу
Қазығұрт кітапханасында**



**Атыраулық әнші,
Халықаралық Журналистер
одағының мүшесі Ажар
Сейтенова куәлік пен
төсбелгі тапсырып тұр.**



**Айсағали әкім
сыйлаған ішік**



**Бөрлі аудандық Мәдениет үйінде “Өлең өлкесінде”
деген кітаптың тұсаукесерінде
сырымдық Асан, Сәнипа**



**Жиенім Әмір мен Динараның үйлену тойында
2010 жыл**



**Менің жанұям
2010 жыл**



Астана “Бәйтерек”



Океанариум



Астана 2011



Хан шатыр

Құрметті Дәмелі Құсайынқызы!

Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күні
қарсаңында шын жүректен құттықтауымды
қабыл алыңыз!

Сіз қазақ халқының ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бүгінгі замандарға жеткен киелі қолөнерін ұлықтаумен қатар, сан өнерді өміріңізге серік етіп келесіз. Өлеңдеріңіз аудандық, облыстық, республикалық мерзімді баспасөзде жарияланып, «Әке», «Мұра», «Өнер өрге өрлетеді», «Із» деген кітаптарыңыз бүкіл қазақ жұртына танымал етті. Әр кітабыңыздағы жырларыңыздан дүниеге гашық көзбен, іңкәрлікпен қарайтын ана жүрегінің лүпілін аңғаруға болады.

Қазіргі таңда зейнеткерлік демалысқа шықсаңызда өзіңізге тән еңбекқорлығыңызбен, қажырлылығыңызбен, болашаққа деген нық сеніммен өз өнеріңізді жастарға дәріптеп келесіз.


Аудан жұртшылығының лайықты құрметіне бөленіп, аудан көлеміндегі мәдени іс-шаралардың ұйытқысы бола білдіңіз. Осы қасиеттеріңіз үшін сізді әркез үлгі тұтып құрметтейміз, бағалаймыз.

Еңбектеріңіз өнерсүйер қауым арасында үлкен беделге ие болып, лайықты бағасын табуына тілектестік білдіремін.

Алдағы уақытта ақындық шабытыңыз азаймасын, өнер жолындағы еңбегіңіз табысты болып, әрқашан да көпшіліктің ықыласына бөленіп, мерейіңіз үстем болсын.

Сізге және Сіздің отбасыңызға баянды бақыт, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін.

Аудан әкімінің орынбасары



Талғат Сидық

Ақсай қаласы. 2011 жыл

Дәмелі Жұсайынқызы!

Еншілесек тарихтың тәбәрігін,
Анықтармыз ақ пен қара аралығын.
Асыл мұра — өткен күннен бізге жеткен,
Кітаптарда — қазына, дана ғылым.

Алла Сізге бақ, дәулеттің берген бәрін,
Адалдықтың татқандаймын мен де дәмін.
Бес кітаптың авторы боп бүгін күнде,
Жасаған еңбегіңіз елге мәлім.

Кітабыңыз оқырманға жолданады,
Адал іске халық берер оң бағаны.
Дәмелі апа, алтын құрсақ елге анасыз,
Әкелген дүниеге он баланы.

Биік әркез абырой мен беделіңіз,
Бар және де ісмерлік өнеріңіз.
Қаламы ұшқыр, ойы алғыр ақын апа,
Ұрпақтың қызығына кенеліңіз.

Сөзімнің Сізге айтылар мәнері апа,
Әрбір ою-өрнегіңіз әдемі апа.
Кітаптың тұсау кесу мынау тойы,
Елдің тойы құтты болсын Дәмелі апа!

Облыстық халық
шығармашылығы
орталығының директоры: *Тайып* Б.Габделов

САҒЫНДЫРДЫ КӨКЕЛЕР

Ақтау - достық қақпасы,

Сенен көзді айырман.

Сенде тұрып жатқасын,

Жапырағым жайылған.

Ақтауды жұрт ақ дейді,

Каспий теңізі іргеде.

Қызықтаймын Каспийді,

Балалармен бірге мен.

Сағынышпен жалғаймын,

Орал-Ақтау арасын.

Ұшақпенен самғаймын,

Уақыт туса баратын.

Ұлан-ғайыр теңізді,

Теңіз дейді, көл дейді.

Немерелер дегізді

«Қылығыңа шөлдеймін».

Қылықтары ем еді,

Қауышқым-ақ келеді.

Жанға жайлы тиеді.

«Асыл әжем» дегені.

Тәтті тілді қылықты,

Сағындырды көкелер.

Қылықтары тұнып тұр.

Қауышқасын өтелер.



ӨЗІН ТАНЫСТЫРУ

(Алматыдан телефон арқылы сұраныстан туған)

Сұрасаң руымды кіші жүзбін,
Жеткенше сынға түстік күшіміздің,
Сынға түскен қызыңды қолда Алла,
Бүгінгі бастап тұрған ісім ізгі.

Исатай әкем аты, анам Айнұр,
Солардан естіп өстім өнер жайлы.
Анам Айнұр әскери қызметкер,
Бойыма әскериден алам айбын!

Келемін алдан бақыт тосуменен,
Іс тіктім, айналыстым тоқуменен,
Жетінші «Ә» сыныбы жүрген ортам,
Көп уақытым кетеді оқуменен.

Жасым бар он екіде әлі жаспын,
Жеткенше мақсатыма қажымаспын
Отызыншы мектептің шәкіртімін.
Мектебі оқып шыққан кәрі-жастың.

Жерім жоқ сыныптастан менің артық,
Демеймін өзгелерден тегім артық,
Күмісай Нұржанқызы апайымыз,
Дәл бүгін отыр маған сенім артып.

Есімім Айкерім деп аталады,
Баласы ата-анадан бата алады,
Тілегім ата-анамның амандығы
Сонда ғана мен алға баса аламын.

*Айгерімнің атынан, Ақсай қаласы
БҚО. Асыл әжең, Дәмелі Құсайынқызы. 18.04. 2011 ж.*



ШАПАҒАТ ШАШҚЫМ КЕЛЕДІ

Уайымшыл пенде емеспін,
Үмітпен алға қараймын.
Бақытты болған себепті,
Кеудемнен шуақ тарайды.

Шапағы өткір сәулемді,
Шашқым-ақ келіп тұрады.
Бақытты сүрген дәуренім,
Көңілім сергек, қырағы.

Төбемде күнім тұрғанда,
Асырар мені Жер-анам.
Тәңірге тәуба қылғанда,
Рахаттанып дем алам.

Көгілдір аспан тұрғанда,
Жұлдыздар самсап, ай күліп.
Бақытты жанмын бұл маңда,
Отаным асқақ айбыным!

Шапағат шашқым келеді,
Өлеңім жазған келелі.
Оқырмандарым мән берсе,
Ойлаймын бар деп берері.

Асыл әжең, Дәмелі Құсайынқызы.
18.04. 2011 ж.



ТӘУЕЛСІЗДІК – ДЕРБЕСТІК

Тәуелсіздің мағынасы дербестік,
Шүкір Алла көп елдермен теңдестік.
Бару-келу, алу-беру жайында,
Алдыңғы елдің көбіменен шендестік.

Аз ұлт болып бір орында қалмаған,
Аяқ жетер жерді тегіс шарлаған.
Өгіз аяң айлап-жылдап жол жүріп,
Сол жолдарда өлген қазақ сандаған.

Алған-берген, іздеп тапқан керегін,
Сараң болмай, бөлген ішкен-жегенін,
Қазақ халқы халық болған білімдар
Оған куә тасқа жазған дерегі.

Жұмбақ сырын жер қойнына тапсырған,
Алтын-күміс қолдан істеп жапсырған.
Жер қойнында тұнып тұрған байлығын,
Алар кезі келген кезде аштырған.

Ел басқарған болған талай басты адам,
Ел байлығын оңды-солды шашпаған.
Батырлары білегімен ел қорғап,
Жерді қорғап ажалдан да қашпаған.

Басқыншылар қанды судай ағызған,
Тарих жазған естіп жүрміз аңыздан.
Абыз шыққан сөзбен жауды тойтарған,
Шешен шыққан тілдің майын тамызған.

Ірі елміз тіл байлығын меңгерген,
Тіл үйреніп жерді шарлап ел көрген,
Тілі, түсі, ділі бөлек ел танып,
Сол елдерді өздерімен тең көрген.

Жер кеңдігі тоғызыншы орында,
Сыр шертеді қотарылған қорымдар,
Күн көріпті біздің ата-бабамыз
Қазіргідей техника жоғында.

Міне біздің қазақ қандай ел болған,
Кездері көп өзгелерге жем болған,
Ұлан-ғайыр жерге ие болғаны,
Қазақ халқы ол бастан-ақ ер болған.

Мына біздер ұрпағымыз солардың,
Біз оларға ұқсамасақ болар мін.
Тұғырымыз берік елге айналсақ,
Сан жағынан біз де алда болармыз.



ХАС ШАЙЫРЫ БАТЫСТЫҢ **(Мэлс Қосымбаевқа)**

Есіңде ме, газеттен тіл қатқаным?
МЭЛС балам үмітімді ақтадың.
Кездессе де талай рет кедергі,
Бойыңдағы хас өнерді баптадың.

Ол бастан-ақ айдын-шалқар көл едің,
Каспий көлі толқынындай өлеңің
Түбі терең мұхит болып барасың,
Бас бергізбей көңілдің көк дөнені.

Талай жерді аралап дәм татыстың,
Талай мәрте айтыстарға қатыстың.
Талай рет намысымды қорғадың,
Хас шайыры ұланғайыр батыстың.

Сені халқың қыран ақын атайды,
Қанатыңның қауырсыны қатайды.
Сан ғасырдан сөз маржанын аулаған,
Біздің МЭЛС талай ғасыр жасайды.

2004 ж.

«ЕСКЕРТКІШ»- «МҰРА»

Жан әкетай, асырдым ойымды ақыр,
Сенің қаның әзірге бойымда тұр.

Сенің атың жазылған мәрмәр тасқа,
Ұрпақтарың гүл шоғын қойып жатыр.

Жетегіне ілесіп үмітті, ойдың,
Алпыс жеті жыл өмір сүріп қойдым.
Өз қолымнан оюлап тірлігімде,
Саған арнап «Ескерткіш» тігіп қойдым.

Маған керек болған жоқ мансап-атақ,
Жетпес еді, таласса баршаға тақ.

Ұлдың орнын толтырған қызың болдым,
Дәмелі деп қойыпсың жаңсақ атап.

Ою-өрнек, бабалар, қалған сізден,
Өтті ғұмыр кеудеме арман тізген.
Он бармақпен тігілген «Ескерткішім»,
«Мұра» болмақ ұрпаққа қалған бізден.

Қасіретті соғыстың өткен елес,
Көз алдымнан тізіліп кеткен емес.

Түсінігі өмірден бар адамдар,
Азалапты әкесін теке демес.

Талай таңды атырдым, күн батырдым,
Бәлкім қызы шығармын бір батырдың.
Кімнің қайда қалғанын кім біліпті,
Жұрнағы да қалмапты бір хатыңның.

Мені күтіп жүріпсің ұл ма екен деп,

Менде күттім сен тірі жүрме екен деп.

Ұл да, қыз да атыңды аяладым,

Кеуде деген бесікке жыр мекендеп.

2004 ж.



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАСАСЫН!

Пай-пай, пай-пай-пай,
Пай-пай, көңілім жай.
Көңілім қалай жай болмас?
Халқым тегіс бай болса,
 Байлығына көңілі,
 Әрқашанда сай болса.
 Айдағаны машина,
 Жасағаны той болса.

Асағаны ақ қалаш,
Жаққаны оған май болса,
Әр маусымға киім бар,
Әр отауда жиын бар
 Келін алу, қыз беру,
 Шілдехана, туған күн,
 Кәріңнің де жасыңның,
 Аңдығаны той болса.

Төрт түлік мал жайылып,
Алып жатса даламды.
Жырға қалай қоспайсың
Тәуелсіздік заманды.
 Айтып айтпай немене,
 Бұның бәрі, халқым-ау,
 Бостандықтың арқасы.
 Тар заман да, зар заман,

Бара жатыр алыстап.
Енді мына заманда,
Адам ұшты ғарышқа.
Баратұғын жерлерге,
 Қас қағымда барамыз
 Халқым тегіс білімді,
 Кеңеюде санамыз.
 Тегін білім елімде

Алып жатыр баламыз.
Сәби келсе өмірге
Алақанға салады.
Адамдарды қартайған,
 Қамқорлыққа алады.
 Токпен тамақ пісіріп,
 Көгілдір газ жағады.
 Айтып айтпай немене,
Бұл бақыттың барлығы,
Ертегіден оқитын,
Аңызды еске салады.
Радио жарымда,
 Шырқап тұрса өлеңдер,
 Экраннан көгілдір
 Тегіс көрсем елімді.
 Әйелдер де, ерлер де
Техника меңгерді
Тесіп өтіп тауларды
Суландырды шөлдерді.
Айтып айтпай немене
 Бұның бәрі, халқым-ау
 Тәуелсіздік арқасы.
 Қас қағымда шет елмен
 Қабарласып тұрамыз.
Компьютердің құлағын,
Меңгеруде ұланың.
Дәл осындай заманда
Халқымызға қанағат
 Достық, бірлік сұрадым.
 Айтып айтпай немене
 Мақтануға тұрарлық
 Қазақ елі тұрағым.



АСЫЛ ӘЖЕМ, ДӘМЕЛІ ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫНА!

Асыл әжем-ақ әжем,
Кім бар Сізге тең келген.
Өнеге алып өзіңнен,
Із жалғармын мен ертең.
Аты көпке танымал,
Шәкіртімен бағы бар.
Мектебіме келіпсің,
Ұстазымен сәні бар.
Бәрі Сізді ұлықтап,
Жасап жатыр кездесу.
Қазағымда өнеге,
Жақсыменен жүздесу.
Қош келіпсіз ортаға!
Білім алған немерең,
Ізгілікке жол табам
Өзің барда ақ әжем.
Еркелетіп біздерді,
Жетелейсіз әрдайым.
Бүгінгідей шат күнде,
Ақ тілекті арнайын.
Көп жасаңыз әлі де,
Ақылшы боп бәріне.
Саулығыңды тілейміз
Шық түспесін әріңе!

Ақ ниетпен немереңіз Камила Нұрланқызы
11.05.2011жыл



АҚШҰҚЫРДА

Ақ тасы жүрген мені таңғалдырып,
Бір өлеңге қосуға қармандырып.
Мэлстің төкпе өлеңін тыңдағанды,
Жүр едім көптен бері арман ғылып.
Туып тұр қисынды өлең қазір менен,
Бұл мектеп кездесуді әзірлеген.
Арқалы ақын ұлға жарасқандай,
Қисынды теңеулермен әзілдеген.
Мектепте әдемі кеш болып өтті,
Бірталай өлеңдерді шолып өтті,
Мэлсжан домбырамен термелетіп
Мәнісін кездесудің толық етті.
Ақын деген Мэлстен атақ алдым,
Немереме кітап пен бата алдым,
Ақшұқырда өткізген осы жиын,
Жиын болды мен үшін аса мәнді.
Ақтауда кез келген жер кенді мекен,
Ақшұқыр қанат жайған елді мекен,
Әкімі менен өлең өтінгені
Бір өлең туарына сенді ме екен.
Ақ батамен атқа қон ерттегесін,
Жүрегің мен қолыңа дерт бермесін,
Меселімді қайырмай қолдай келдің
Маңғыстауда Мэлс бар деп келгесін.
Домбыраңмен жиынның сәнін бердің,
Тәрбиенің ұрпаққа мәнін бердің,
Мен де ақын боламын деген ұрпақ
Теріп алар сөздердің дәнін бердің.
Өр ақынның ақын деп елегені,
Ақтауда пір Бекеттің демегені,
Әбіш, Мэлс екеуі бата беріп,
Адам бол деп қосты бір немерені.
Салдырған Ақшұқырға балабақша,

Тапсырды «Алғыс хатты» азаматқа,
Өнегелі ата-ана атанғаны
Менің ұлым болғаны жарамап па?
«Теңізбен дидарласу», «Ірі тұлға»,
«Толқындар», «Ақ бата» да кірді жырға.
Алдыңғы кітаптарға кірген бұлар,
Екі өлең туып жатыр тағы мында.
Құрықтықтар хал-жайы саламат па?
Жыр болды Құрықтағы балабақша.
«Із» деген кітабыма енген екен
Кітаптың бетін аңдап қарап ашса.
Мәлстің ірілігі, кісілігі,
Үлкенге ілтипаты, кішілігі.
Ұлымның иығына шапан жапса
Болғаны салт-дәстүрден түсінігі.
Ішінде өлең жаздым саяжайдың,
Өр тұлға сеннен бата аямаймын.
Көз алдымда есейген төкпе ақынды
Аналық жүрегіммен аялаймын.
Шабытты кездерімде қамшылаған,
Ойыма сөз келеді тамшылаған.
Тылсым күш өн бойымды бұған кезде
Көңілді өлеңіммен аршып алам.
Киелі Ақтау елін сендіремін,
Қоймаса ажал шіркін белгі беріп.
Бұл елде туған екі-үш өлеңімді
Келесі кітабыма ендіремін.
Отырмын ұлыма да табыс тілеп,
Ұлымның адамдығы намыс, тірек,
Ұрпағың жақсы десе өкінбеймін.
Шаттықтан қақ айырылса қарыс жүрек.
Ер азамат еліне қалқа дерсің,
Айсағали, мерейің арта берсін!
Әкім болып, мектептің ұжымы боп,
Ұрпаққа білгендерін сарқа берсің.



ТӨКПЕ АҚЫН

Берсем деп қандай баға ой тұратын,
Жүр қазір ортамызда жойқын ақын.
Ол ақын-сұрапыл ой жиынтығы,
Жеңетін қарсыласын ойсыратып.
Демесе жойқын ақын жараса ма?
Маңайлатқым келмейді аласаға.
Қол соғып топқа салса Мэлс жанды,
Жалғайды тамашаны тамашаға.
Кездестім жиырма жастар шамасында,
Аралап жүрген кез ел арасында.
Танытты төкпе ақын болатынын,
Сол кезде-ақ таң қалдырды, шанасың ба?
Тағдырдың жазғанына бағынып жүр,
Ол қазір Ақжайығын сағынып жүр.
Үш жүз алпыс екі әулие аймағында,
Толқынды, жыр тасқынын ағызып жүр.
Мэлстің қай жерге де жаттығы жоқ,
Мэлс жүрген жерлердің шаттығы көп.
Әулиелер тобына қосылады ол,
Мэлсжан қалмасын тек ақтығы боп.
Бұл елде Қырымбектей ағасы бар,
Ол алғыр әкім, кімнің таласы бар.
Әбіш Кекілбаевті қосты Мэлс,
Үш жүз алпыс екі әулие арасына.
Халқыма айтар сөзім хордаланды,
«Қадірін бағалай біл қолда бардың».
Қазақтың мақтанышы Мэлс ақын,
Айтысқан талай ақын жолда қалды.
Танып қой Мэлс ақын қалай екен,
Ақынның ата-тегі Адай екен.

Қазақтың сөз қорының қазынасы,
Мәлстің кеудесі кең сарай екен.
Іріге қосылды ерте қол соғамын,
Айтыс оның ортасы-қан сонары
Айтысқанда арқасы қозып кетсе,
Тауып айтып жауабын гол соғады.
Хас тұлпардың тұяғы - түсірлеген,
Бір ұлы жан шығарын түсінген ем.
Көп оқыңыз Мәлсті оқырманым,
Жырларына болсаңыз түсінбеген.
Ат аунаған жерлерде түк қалады,
Аударылып арқаға жүк қалады.
Айбыны деп қазақтың есептейік,
Лыпып тұрған кәдімгі ұстараны.



ЖҮЗІМ ЖАРЫҚ

Өсектің өтірік-шын деректері,
Деп жүрмін осы бізге керек пе еді?
Кемеміз арғы бетте күтіп тұрған,
Жандармыз жасы келген кезектегі.
Алланың болдым, шүкір, сүйген құлы,
Үлгердім ұл-қыздарды үйлендіріп.
Ол жаққа қабақ шытпай кетер болдым,
Шақырту қағаз қолға тиген күні.
Кеудемде жанған шырақ сөнбесе екен,
Ұрпақтар ешбір соғыс көрмесе екен!!!
Қалдырған ұрпаққа деп қол өнерім,
Мазмұнды өлеңдерім өлмесе екен.

Қалдырдым кітап етіп қазынамды,
Кітапқа ақтарамын базынамды.
Алдында ұрпағымның жүзім жарық,
Өмірдің көбі кетіп, азы қалды.

Алдында халқымыздың жүзім жарық
Жарға да адал болдым мұным анық.
Ұрпаққа мейірімімді аяғам жоқ.
Аллаға да аянмын шыным анық.



ШЕКСІЗ АЛҒЫС ҚАЛДЫРДЫМ

Жылда келіп, көріп қайтам қаланы,
Жылдан жылға әсемденіп барады.
Нұрлан ұлым тұратұғын Ақтауда,
Келген сайын көрсетеді жағаны.
Жыл бойына егіп қойған жас талдар,
Бойын түзеп, өсіп жатыр жасқанбай.
Әр жерлерде ағаш өсе бастапты,
Бұтақтары күнге құшақ ашқандай.
Ағаш жайлы бір мәселе туады,
Күтім қажет, тұру керек суарып.
Егіп алып, баптап күте білмесе,
Жас шыбықтар қалады екен қуарып.
Бой көтерген әдемі үйлер сан түрлі,
Көріп бақ тек, көздің жауын алады.
Бұл қалада ұлт тұрады әр түрлі,
Бір бөлігі әдемі үйлер салады.
«Шағала» тұр жағасында Каспийдің
Жағалаудан теңіз исі аңқиды,
Ақтаулықтар байқай ма екен бақытты,

Жағасында ерке Каспий шалқиды.
Тұрар болсаң теңіз үстін қызықтап,
Шағалалар көрсетер көп қылықтар.
Желді күні сұс көрсетсе қарт Каспий
Сан кұбылған түрге енеді тымықта.
Батырлар да көп болған ғой найзалы,
Түгендесең аңызына батасың.
Маңғыстауда адайлардың айбары,
Мақтанышы пір Бекеттей атасы.
Неше келдім Атаға жол түспеді,
Осы жолы таңғалдырған іс мені,
Арнап келгем, пір Бекетке барам деп,
Жібермеді тағы да бір күш мені.
Бірақ мені кіші Бекет қарсы алды,
Жұмбақ сырға мен ішімнен тамсамдым.
Ақшұқырда МЭЛС ұлым арнайы,
Кешті мәнді өткізуге жан салды.
«Жолың түспей болып тұрса жігер құм,
Келе алмасаң мен МЭЛСті жібердім»
Бекет ата, бәлкім, солай ұйғарды
МЭЛС қазір айбары ғой бұл елдің.
Мен өзімді осылай деп жұбаттым,
Маңғыстауда болған әр күн жұмақ күн.
Тағдырыма дән риза әжемін
Осы елде жапырағым гүл атты.
Ақтау маған немерелер сүйгізді,
Әулиеге ақ басымды игізді.
Ақын ұлым шапан жауып ұлыма
Әкім інім маған камзол кигізді.
Үш жұмадай уақытымды алдырдым,
Бұл аймақта ойға шомдым сан қырлы.
МЭЛС ұлға, Айсағали ініме,
Ұстаздарға шексіз алғыс қалдырдым.

17.05.2011 жыл



ДӘМЕЛІ ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ!

Тал бесігі - Бұлдыртыдай ауыл,
Ой-өрісі Аралтөбе бауыры.
Тағдыр айдап Ақсайға табан тіреген,
Жырлар шығып, сан ұрпақты түлеткен.
Жарты өмірін ұстаздықпен өткізген,
Өлеңдерін тебірене жеткізген.
Өмірінде қиындықтар болса да,
Ұрпағына мейірімін төккізген.
Ұстаз, ана, ісмер жан Дәмелі апа!
Армандарға бой ұрған тұлға дара,
Шеберлікпен жазылған еңбектерін,
Аманат қып қалдырған үлкен мұра.
Көре білген кісіліктің талантын
Жырлай білген әнге қосып ел атын.
Насихаттап қазақтың ұлттық өнерін
Ізгі ниет баурап алған жүрегін.
Әрқашан мерейіңіз үстем болсын!
Әр күніңіз қуаныш пен нұрға толсын.
Немере, шөберелер аман болып,
Оқырмандар тілегі қабыл болсын!

М. Әбдіхалықов атындағы орта мектебі

Мамыр, 2011 жыл.



МӘҢГІ ӨЛМЕЙСІҢ

Ұлыларға шөп-шалаң жабыспайды,
Жабысуды айтасың, алыстайды.
Әлемдегі ұлы ақын, жазушыдан
Біздің Қадыр ағамыз қалыспайды.
Қалай мына өмірді қиып кеттің,
Туған жерді көп жаздың, мықты еттің.
Қаршығадай мүсінді бола тұра,
Бүкіл әлем кеудеңе сыйып кетті.
Осы жерде өмірге дана келді,
Жаза бердің өлгенше, жаза бердің.
Отыз томдық артыңа тау тұрғызып,
Жата қойдың қойнына қара жердің.
Дейтіндер көп «Қадырдың жыры мықты»,
Сізден ұрпақ үйренер ұлылықты.
Рухыңды ұрпақтар талай қозғар,
Аз да болса алшы, аға, тынығып бір.
Біз қайғырдық, жүйкеміз босап кетті,
Тау тұрғызған қолыңды қоса ап кеттің.
Ауырладық, қиналдық, ырза болдық,
Соңғы тойды еліңде жасап кеттің.
Хош бол, аға, бақыл бол, бір аунап жат,
Көз тігіп жат әрқашан бұл ауданға.
Қабырғасы қайысқан елің барда.
Мәңгі өлмейсің, артыңнан сұрау барда.



АҚЫН БОТАКӨЗ БАЙМҰҚАНҚЫЗЫНА

Бірінші облыстық теледидар қызметкері

Ботакөз қызым, қал қалай,
Арманың қандай әрі қарай?
Ал, өзімнің жағдайым,
Көңіл-күйім әр қалай.
Керемет деп айтпаймын,
Жаман деуге батпаймын.
Екеуінің арасы,
Шындықтан қалай аттаймын.
Тұрса да аты арындап,
Тағдырға адам бағынбақ.
Анаң шаққан мұңыңды,
Анаң боп алдым қабылдап.
Теретін маржан тұнықтан,
Ақынның жанын кім ұққан.
Өлеңің қозғап жіберді,
Жазуды көптен ұмытқам.
Ақын боп туылғасын да,
Ашасың сырын басқаның.
Толғаныс қуырғасын да,
Туады өлең қас-қағым.
Жайыңды айтып бертіңгі,
Кеудеңе тұнған дертіңді.
Анаң айтып алғаның,
Сәніңді тағы келтірді.
Ажарың, сәнің келісті,
Тұлғаң да оған лайықты.
Мекенің жұмақ жер үсті,
Қосасың жырға Жайықты.
Қадірін сөздің ұғатын,
Саналы жандар баршылық.

Алдыңа қойған мұратың,
Қалмаса болды жаншылып.
Жаныңның ұқпай қынжылын,
Қадірін білмей құрбының.
Іші тар замандастарың,
Араларыңда жүр бүгін.
Адамның сырын ашатын,
Қиюын тапқан сөз ғана.
Мауқыңды сенің басатын,
Өлеңге қосқан боз далаң.
Өлеңді сүйер халқың бар,
Ботажан, жырла тартынба.
Сен жайлы дерек іздейтін,
Жоқтаушың шығар артыңнан.
Өнерді сүйер халықтың,
Өнерін елге таныттың.
Осы бір тұста сөйлейсің,
Тұлпарын мініп шабыттың.
Ақын да сенің жадында,
Шебер де сенің жадында,
Айтылар әлі әнің бар,
Абзалы, қызым, бағың бар.
Дауысыңда бар жағымды,
Дауысыңды, қызым, сағындым.
Анашың алыс жүргенде,
Қасыңнан анаң табылды.
Дарының қысып, ақ қызым,
Салмағы түссе санаңа.
Азабын қойса тартқызып,
Аллаңа шағын, анаңа.



МЕНИҢ ҒАСЫРЫМ

Ұшқанда құс қанаты талатұғын,
Жеріміз ұлан-байтақ дала-тұғын.
Көлік қой ол заманда ат пен арба,
Жолаушы айлап жүріп баратұғын.

Тұяғы мұқалатын құлагердің,
Жеткенше таусылатын шыдамы ердің.
Ал қазір темір қанат құсқа мініп,
Тәулікте барар жерден шыға келдің.

Жайғасты жаһандану санамызға, -
Деп жүрміз көп тіл үйрен баламызға,
Алдыңғы елу елдің қатарына
Қосылмай біз қатардан қаламыз ба.

Осындай болды қазір ұранымыз,
Белгісіз қайдан барып шығарымыз.
Ойнайды компьютердің құлағында,
Бесіктен белі шықпай ұланымыз.

Жер асты тереңдігін шақырымдап,
Бұрғылап, тесіп жүрміз ақырындап.
Қақ жарып, қара жерді түтік тарттық
Мына мен куә болған ғасырымда.

Ал, халқым, арандамай абайлаңыз,
Ісінді ақылға сап бажайлаңыз.
Дұрыс жолға бастаңыз кім болсаң да,
Абайлап алды-артыңа қарайлаңыз.



ТОЙҒА ШАШУ

(Бөрлі ауданының 75 жылдығы мен қала күніне)

Замананың ағымына бағынып,
Ақсайға ел көшіп жатыр ағылып.
Көз алдымда көркеюде бұл қала
Әп-әдемі ғимараттар салынып.

Жетпіс бес жыл бұрын тартқан табаның,
Айтарлықтай тарихы бар қаланың,
Сонша жылдың тауқыметін көтерген
Сыр шертеді тұрғылықты адамы.

Жақсаруда елдің шаруа-күйлері,
Көк теректен көмкерілген үйлері,
Талай түрлі қиындықты көрген ел
Нарықты да алып кетті игеріп.

Шет ел барып, қайтып келу түк емес,
Тасығаны арқалайтын жүк емес.
Апаратын, алып қайтар жүктерің
Ұшақ пенен поезыңа дым емес.

Барар, келер жолың кәзір қас қағым.
Игі істерді жасап жатыр жастары.
Жас-жасамыс, ұрпақтар да бұл күнде
Компьютерге бейімдеген бастарын.

Ғылым-білім, тіл үйрену ұраны.
Жағдай жақсы, көбейіп тұр сұраныс.
Талғамы да биіктеді халықтың
Көңіліңе ұялайды жұбаныш

Ағаш екті, гүл жайнатты ауланы.
Алыс-беріс дүрілдетті сауданы.
Спорт, білім, табыс көзі жағынан
Алда келед кәзір Бөрлі ауданы.

Ақсай қала - әлем көзін қадаған,
Бұл қалада тұрып жатыр сан адам.
Қала күнін, аудан күнін тойламақ,
Үйлер тігіп, бәйге қоспақ аламан.

Өтіп жатқан тойларды біз санайық,
Әрбір тойды жақсылыққа балайық
Бөрлі ауданы жылдан жылға көркейсін,
Тойларыңыз тойға ұлассын халайық!

28.09.2010 жыл



**Аяулы ұстаздарым Рахима Есенғалиеваға,
Нүрлен Байғалиеваға, марқұмдар Шалабай
Қожамұратовқа, Наурызбай Ізтілеуовке, Ташаев
Мақсотқа арнаймын!**

САҒЫНЫШ

Соғады Бұлдырты деп жүрегіміз,
Үзілген емес елден күдеріміз.
Мектебі сексен жасқа толып тұрса
Біздер де сол мектептің түлегіміз.
Көрсек те қиындық пен тапшылықты
Алғанбыз сол ортадан жақсылықты.
Бітірген он жылдықты мектебіме,
Сағыныш жылдан-жылға асқынып тұр.
Есімде жүріс-тұрыс келбеттері
Паш еткен жақсылықты жер-көктегі.

Аяулы ұстаздарды дәріс берген,
Елу жыл жүрегімде тербеткелі
Қызыл құм табан асты сусып жатыр,
Шұқыса метр жерден су шығатын.
Көк елді көргің келсе тұсынан өт,
Еңкейіп бір тал ексең ну шығатын.
Көктемде есекмия гүл атқанда,
Көк өрім қыз-бозбала сыр ақтарған.
Шәкірттер сол мектептен білім алған,
Қол созған асқақ арман мұраттарға.
Аяулы алтын ұям менен қалған,
Бастауын арманымның сенен алғам.
Маңыңда бір көгершін ұшып жүрсе,
Ол менің сағынышым - деме жалған.
Аяулы алтын ұям - тал бесігім,
Түбінде көкіректің қалды есімің.
Атынан шәкірттердің дұғай сәлем,
Шимайлап жазып кеткен жарға есімін.

1.06.2004 жыл.



БАҒИЛА БАУЫРҒА

(N3 мектептің ұстазы Бағила Термезееваға)

Өнеге болып өзіндей өзге қыздарға,
Бағила бауыр, ұстаздық жолды қаладың.
Талабы биік ұстаздық еткен жылдардан,
Сүрінбей өтіп, бүгінге жеттің, қарағым.
Студенттік жыл ұстаздық жолға жалғасты,
Тауқыметі мол жылдар мен жылдар алмасты.
Сағымды жылдар сағыныш болып зырлады,
Ыстық қой бірақ, ұстаздық жылдар алғашқы.
Отыз бес жылың ұстаздық жыл боп жалғанса,
Алдыңнан сенің шәкірт боп өткен жан қанша,
Қызығы менен қиындығы мол жылдардан.
Қайыспай өттің қанатың әбден талғанша.
Зымырап өтті ұстаздық жылдар сындарлы,
Тастадың артқа қиын да қызық жылдарды.
Үлкен жүректі өнеге алар анасың,
Өсіріп жатсың өзіңе тартқан қыздарды.
Секілді болдың жайқалып өскен сая бақ,
Жапырақтарың өрісін кеңге жая жақ.
Бұтақтарыңды суыққа күзгі шалдырмай,
Өсіріп жатыр шуақты жүзің аялап.
Ұстаз қауымы кешпейді ғұмыр талғамсыз,
Ғұмыр кеш, қарғам, жылдарда қалған армансыз,
Өрісің кеңіп жапырақтарың гүлденсін,
Елу жасқа бақытты жылдар жалғансын.

ақпан 2003 жыл



АУЫЛЫҢДЫ АЯЛА ДЕМЕКШІМІН

Кіндігімді өзіңде кеспегенмен,
Сағынышым кеудемде дестеленген.
Көкіректің түбінде тербеткенмен,
Таңғалдыра алмадым ештеңемен.
Өлкесінде Орынбор туылыппын.
Кіндік қаным сол жақта жуылыпты.
Жосалыда туысым қалмағанмен,
Сағынышым демеймін суынып тұр.
Туған жерге өзіңді балап келдім,
Ой-қырыңды қиялмен қарап келдім.
Жас-кәрісін ауылдың шансаңыздар,
Тумағанмен туғандай санап келдім.
Ата-бабам зираты «Жаңғазы» да,
Тіршілікте кім жеткен арманына.
Ұл боп тусам қалар ем өскен жерде,
Қыз көнеді тағдырдың салғанына.
Өскен жердей жер болмас жер бетінде,
Анама ұқсап кетеді келбетің де.
Ауылыңды аяла демекшімін,
Ауылдасқа төсіңде тербетілген.



УАҚЫТ БЕР МАҒАН ТАҒДЫРЫМ

Жанашыр елім, сөзіме менің құлақ сол,
Көкірек аяу, рухым биік - тым асқақ.
Арнамнан шығып, шапағат шашқан келеді-ау,
Арманым менің ойымнан шықпай тұр ақсап.
Көксеген жанмын шуақты таңда арайлы,
Келсе де жасым үмітпен алға қараймын.
Жанымды ұғып, қолтықтан демер ел болса,
Қолымнан келер ісіңе әлі жараймын.
Тоқтатпа демді, уақыт бер маған, тағдырым,
Ауырлап жүрмін, арқамнан түспей бар жүгім.
Қос өнер мені қыспаққа алып қояды,
Адамдар аздау, жайымды ұғар ал бүгін.
Мен білген бір жай, сөйлейді қолы шебердің,
Оюшы болу, дер едім шыңы өнердің.
Өміршең өнер иесі болмақ оюшы.
Мыңнан бір жаннан оюшы шықса ол ерлік.
Жанымды ұғар сиректеу және қолдаушым,
Бітірген іске мін тағып жатар білгіш көп.
Іштері тап-тар және де көп-ақ қорлаушым,
Қайтемін елім, сынға да шыдам керек-ақ.
Кейінгілерге қарыз бар әлі бере жақ,
Қарыздар болып кетпесем екен ол жаққа.
Жолымды қуар ұрпаққа ертең келе жақ.

09.02.2004 жыл.



ӨЛЕҢ МЕНІҢ СЫРЛАСЫМ

Алқымнан алып жанымды,
Тартқызса тәңір азабын.
Айтамын саған барымды,
Жазбауға қалмай амалым...
Жазушылар мен ақынның,
Қиын-ақ екен тағдыры.
Қиналып жазып жатырмын,
Жазғандарымның барлығын.
Айтуға шындық хақым бар,
Қайнайтын дарын – қасиет.
Жазушылар мен ақындар,
Мың мәрте сізге бас ием.
Өлеңменен сырласып,
Ақ қағазға сыр төгем.
Өзің мойын бұрғасын,
Тимей көкке тұр төбем.
Өлең мені қинама,
Қиындығын сый маған.
Қинасаңда қарсы алам,
Шабытыңды сыйлаған.

09.02.2004 ж.



Қала жаздап айрылып,
Тағы қайта қауыштым.
Қанатымнан қайрылып,
Тағатымды тауыстым.



СҰР ТӨБЕ

Ей әлеумет, естеріңізге саламыз,
Соғыстан бұрын өмірге келген баламыз.
Отаны үшін құрбандық болған соғыста,
Әкенің құнын кімдерден сұрап аламыз?
Төлей ме құнын күйреген Совет Одағы,
Елбасыларды ойландырмай ма ол жағы?
Жарылқаулардан үлессіз жүрген алпыс жыл
Елдегі жетім-жесірдің кімге обалы?
Соғыста өлген құрбанның құнын кім төлер,
Атаусыз өлген батырдың саны бір төбе,
Кебінсіз жерлеп, кешігіп жеткен хабары,
Құрбандықтардың жатқан жерлері — сұр төбе.
Қайғы да болды, көкірек толды арманға,
Алпыс жылдықты тойлауға бір жыл қалғанда.
Мұраға үй жоқ, қалдырған жер жоқ ұрпаққа,
Өкініш бар ма осыдан артық жалғанда?
Жесірлердің өлгені қанша марқұмдар,
Жетім ұл-қыздың тірі жүргені там-тұмдап.
Шал-кемпір болдық жетпісті біз де алқымдап,
Азусыз-тіссіз сөйлейміз қазір балпылдап.
Жеңістің алпыс жылында, бәлкім, ескерер,
Еске бір алса ырзамыз оған кеш демен.
Ана да кетті, бауырдың бәрі бақилық,
Айтсақ та өкпе, сұраған жоқпыз ештеме.
Алпыс жыл бұрын әкені соғыс жалмады,
Жетім боп өстік, әкеден мұра қалмады.
Купон да кетті, жерден де тимей сыбаға,
Азайдық біз де, белгілі елге ар жағы.
Көктегі күн мен табанның асты мұрамыз,
Аспан мен жердің арасы кәзір тұрағым.
Нарыққа кез боп, үлестен қолды көтердік,
Зейнеткерлердің жағдайы солай, шырағым.

26.04.2004 жыл

АЛҒЫС ХАТ!

**Ұлт өнерінің жаршысы ақын,
Батыр ана Дәмелі Құсайынқызына!**

Ақ қарда. Ақсайда. Ақ апам,
Арайлап атқандай дара таң.
Ақ жүрек, ақтұнық пейілден,
Арманмен жүргенін ұнатам.

Ақ шаңқан, ақ үйде ер жетіп,
Ақ жаңбыр - ақ өлең тербетіп.
Ақ Жайық алыбым, елім деп,
Арқадан, Алтайдан серметіп,
Күлгенін ұнатам!

Ақ самал саумалап жанардан,
Ақ гүлдей төскейге қадалған.
Ардақтап салмақтап жер-көкті,
Адамзат бабында таба алған,
Қылығын, құлығын ұнатам „

Ана ол! Батыры ананың,
Аймала, жыр-жанын алыбым!
Ақ қайнар талабы талмасын,
Асу ма, асқар ма қалауың ?!
Ақ апам! Ән апам!

Айдан да нұр сәлем жолдаған,
Аштыққа, тоқтыққа болмаған.
Ауылға, қауымға қадірлі,
Арыстан қазағын сомдаған.
Ақ апа! Ән апам! Бір апам!

**Б. Баймұқанқызы телерадиокомпаниясының төрағасы:
А.З. Ғұбашев.**

ЖЫР ДӘПТЕРІ

О, МАХАМБЕТ — ӨР БАБАМ!

О, Махамбет — өр бабам!
Өр ұрпақтың бірі мен.
Аруағыңыз ба қолдаған,
Киіз үй арнап тігіп ем,
Үлгертем деп тойыңа.
Жырларыңның қарқыны,
Найзағайдың жарқылы.
Жетіп жатыр халқыңа,
Ғасыр сайын аршылып,
Батыр бабам, мойыма.
Бір жыл бұрын бастадым,
Жеткізгім келіп қақсадым.
Жігер берді қызыңа,
Жанымды желпіп асқақ үн,
Өрнек салдың ойыма.
Жырларың қозғап мазамды,
Елеспен көріп қараңды.
Санаудан қалып сағатты,
Іс қылдым ата табанды,
Рухың қонып бойыма.
Өр мінезді анамын.
Сенен үлгі аламын.
Кеудеме от тағамын,
Ұқсамасам маған серт
Сендей ердің соңына.



ДОСТЫҚ, БІРЛІК - БЕЙБІТШІЛІК АРҚАУЫ

Бір ғасырдың шеңберіне сыймайтын іс тындырдың,
Олқылық та болып жатты, оған қатты қынжылдың.
Қиындықтың бәрін жеңдік ұлы тұлға Нұрсұлтан,
Саясаттың сахнасы есіміңді жыр қылды.
Елбасымыз, ғұмырлы бол ел сенімін ақтадың,
Президент сайлағанда халқың сені жақтады.
Елдің қамын, жердің қамын жатпай-тұрмай ойладың,
Тауқыметті арқаларда жігеріңді баптадың.
Бір басыңда неше түрлі қасиеттің бары шын,
Халқың байып, ел көркейсе - ол да сенің табысың.
Елің жоққа шығара алмас, көрегендік ісіңді,
Бір ғасырда бір туатын Нұрсұлтандай арысын.
Ел ортасы Астанада Ақорданы тұрғыздың,
Ішкі-сыртқы көрінісімен сән-салтанат құрғыздың.
Жер қойнында тұнып жатқан байлығымды қопартып,
Талай ірі алып елдің бетін бері бұрғыздың.
Сөзіңмен де, ісіңмен де алға бастың қарқынды,
Ұстанымың «Достық, бірлік» иландырдың халқыңды.
Қазақ деген ғажайып ел бар екенін таныттың,
Талай шет ел сахнадан көрді ажар-салтымды.
Ұстанымың «Достық, бірлік» ел бірлігін сақтадың,
Әр сөзіңе құлақ түрді, халқың сені жақтады.
Ел тұғырын аспандаттың, жылдан жылға нығайттың,
Халқың жылда тойлап жатыр тәуелсіздік ақ таңын.

2005 жыл.



ҮЛЕС

Ақсайдың 40 жылдығына

Жаңалыққа құлақты тосып қойдым,
Жүре алмадым соңында босып тойдың.
Соңғы он жыл Ақсайда отырғанда,
Он бармақты жұмысқа қосып қойдым.
Мақсатымды қалғытпай жанып қойдым,
Дей алмаймын қатардан қалып қойдым.
Тек жүрмедім іс тіктім, өлең жаздым,
Қуырғанда қыспағы шабытты ойдың.
Әрбір адам әрқилы көрер күнін,
Керек нәрсе адамға өнер, білім.
Рухани азығы биік адам
Көтереді қиналмай өнер жүгін.
Он жыл бойы таныдым халықты-елді,
Рухани байлығым бағыт берді.
Өлең жазып тіліме үлес қостым,
Халық мені шебер деп танып келді.
Аялаған қиялмен сая-бағым,
Қос өнерді досымдай аяладым.
Ащы еңбектің көрсем де қиындығын,
Білгенімді халқымнан аямадым.
Бұл ісімді өмірмен күрес деп біл,
Он жыл қосқан Ақсайға үлес деп біл.
Алға қарай қамшылап өзімді өзім,
Шамам жетсе уақытқа ілеспекпін.



АРАМЫЗДА АРДАГЕР БАР

(әзіл-шыны аралас)

**(Соғыс ардагері Тілекенов Мұхамбетқалидың
80 жасқа толуымен)**

Өзін-өзі мақтамаған,
Ақиқаттан аттамаған.
Өз заманын даттамаған,
Арамызда ардагер бар.
Өңірі толы ордені бар,
Соғыс жолын көргені бар.
Көзге түсер өңдері бар,
Арамызда ардагер бар.
Бәрі-бәрі қырмызылар,
Қиялында қыр қызы бар.
Ордені бар, жұлдызы бар,
Арамызда ардагер бар.
Бойы көкпен таласады,
Сұңғақ бойы жарасады.
Қос ғасырдың дара шалы,
Арамызда ардагер бар.
Есте қалған жарлары бар,
Анда-мында қалғаны бар.
Орыс-қазақ балдары бар,
Арамызда ардагер бар.
Айдай сұлу алғаны бар,
Күліп атқан таңдары бар,
Әлі талай арманы бар,
Арамызда ардагер бар.
Қолынан көп іс келетін,
Үйлері көп түстенетін,
Рухы бар күш беретін,
Арамызда ардагер бар.

Сөйлеп кетсе күлдіреді,
Көп сөйлесе бүлдіреді,
Көңіл жас па, кім біледі?
Арамызда ардагер бар.
Қайғы мұңға алдырмаған,
Өңін әжім шалдырмаған.
Қазақшасы балдырлаған,
Арамызда ардагер бар.
Өңі жас қой, жүде дерсің,
Әзілдессін, күле берсін,
Мұқаң құда арамызда,
Күліп-ойнап жүре берсін.
Қырға шығып шолып тұрсыз,
Сексен жасқа толып тұрсыз.
Қол жетпеген қызықтарға,
Қиялыңыз жолықтырсын.

09.05.2004 ж.



ТАБИҒАТТА

Таңғы ауамен көңілімді аршыдым,
Таңғы шыққа аяғымды малшыдым.
Тал-терекке қонып шыққан құстардың,
Таза ауамен тыңдап тұрдым бар сырын.
Таза ауаны жұтқың келсе, қымбаттым,
Таңмен тұрып табиғатпен сырласқын,
Табиғаттың таңғажайып ауасы,
Тал бойыңа тарағасын жырлатсын.

2004 ж.



ДОСТЫҚ ЛЕБІЗ

Уа халайық, меннен болсын тойбастар,
Той бастарда басқадай жоқ ойда астар.
Он шумақтай тілек айтып көрейін,
Уақыт алып сөйлемеспін қоймастан.
Домбыраға түсінбестер мән бермес,
Қазақпыз ғой домбырасыз сән келмес.
Домбырамен қоңырлатып қозғайын,
Шарықтатып шырқатуға саз келмес.
Ауданы бір, ауылы бір тұрғындай,
Бала кезден бірге өскен құрбымдай.
Араласып дос боп кеткен көршіммен,
Қалай қалам достығымды жыр қылмай.
Сәйкес келіп бізге сенің талғамың,
Татулықтың ізгі жолын жалғадық.
Алпыс жасың құтты болсын, Мәрия,
Әрқашанда орындалсын арманың.
Қайыңдыда үлгілі ұстаз атандық,
Мен танысам адамысың қатардың.
Ақ ниетпен жарып шыққан өлеңді,
Алпыс жастың шашуы деп атармын.
Елден көшіп қаздай едік адасқан,
Көрші таптық көңіліміз жарасқан.
Дәм-тұзымыз араласқан көршіміз,
Күніміз жоқ сен деп, мен деп санасқан.
Бір өткізген жастық шақты от-жалын,
Жан-жарыңды жоқтаудай-ақ жоқтадың.
Үлбіреген аппақ қызы татардың,
Қоңыр түсті жолаушыға тоқтадың.
Одан өрген қыздарың бар, ұлың бар,
Мына бүгін батып жатқан шығынға.
Тойлап жатқан күйеу-қызға тілегім,
Бақытты боп ұзақ-ұзақ тұрыңдар.

Қабағыңды ешқашан кір шалмасын,
Жақсы ғұмыр таба берсін жалғасын.
Немереден шөбере көр, жан құрбым,
Бақытыңның шүпілдесін арнасы.
Ұстаз болдың, өнегелі енесің,
Өнегеңді өзгеге әлі бересің.
Анда барып, мында барып тынымсыз,
Ұрпағыңа қамқор болып келесің.
Он жылдан соң жетпісті бір тойлалық,
Ғұмыр болып өмір сүрсек алда біз.
Онда да бір ән жазармын ойланып,
Бүгінгідей шабыт берсе Алламыз.
Қартаймаудың қамын ерте ойлай бер,
Тең құрбыңмен әзілдесіп ойнай бер.
Қызықтарың қызықтарға жалғасып,
Жетпіс, сексен, тоқсан жасты тойлай бер.



АҚЫН КҮНДЕЛІГІНЕН АҚ ЖОЛ!

Шолпан сіңлім, іс бастапсыз лайықты,
Селт еткізер іс болды бұл Жайықты.
Өз тілдерін өгейсітіп өздері,
Өз ұлтымыз боп жүр еді айыпты.
Елбасымыз қолдаған бұл бастама,
Үлгі болар іс болса екен басқаға.
Өзге тілді отырғызып қақ төрге,
Босағада тілім отыр масқара!
Әкім жігіт, құтты болсын қадамың,
Жаңалығы халқыңа ортақ қаланың.
Тіл тағдырын туғанынан ойлаған,
Басшы қылып дәл таптыңыз адамын.
Ана тілім жұтар ауам – оттегім,
Заман бастан өтер-кетер өтпелі.
Тіл байлығы ұшан-теңіз ел едік,
Мирас қылған ата-бабам көшпелі.
Айтыңдаршы өз тілімде бар ма мін,
Төрге шықшы анам тілі – ардағым.
Өз тілінің жан ашыры — Шолпаным,
Ақ батамды ақ ісіңе арнадым.



АҚ НИЕТТІ ҰРПАҚ ЕДІК БІЗ ДЕГЕН

Кеудесіне ұялаған ізгі арман,
Ұрпағы едік бір атадан біз қалған.
Бар өмірі еңбекпенен шыңдалған,
Үміттері әрбір таңда бүр жарған.
Қиындықта қисық жолмен жүрмеген,
Мойынына ауыр күнә ілмеген.
Өзгеден де ізгі ниет іздеген,
Ақ ниетті ұрпақ едік біз деген.



МАҒАН ӘЛІ БАЛАСЫҢ

Алыстағалы өзіңнен,
Айырылып жүрмін төзімнен.
Есіме алған кезімде,
Аламын өшті көзімнен.
Қайтемін жанның наласын,
Алыстап менен барасың.
Балаңа әке болғанмен,
Әлі де маған баласың.
Мұңымды қалай жасырам,
Кездерім көп-ақ жасыған.
Анадан алыстағаның,
Намысың аз-ау асылан.



АЛТЫН ЖҰБАЙ

Сабыр, сабыр, сабыр түбі сары алтын,
Сабыр сақтап бақытыңды табарсың.
Бір-біріне адал болған жұбайдың,
Жақсы болсын, жаман болсын бәрі алтын.
Біреулерді саф алтынға санама,
Біреулерге сан ұрланып қарама.
Өз қосағың алтын ба, не қола ма?
Қосылған соң қосағыңды бағала.



ТӨЛ ГАЗЕТИМЕ ТІЛЕК

Біраздан бергі сырласым,
Онға толып тұрғасын.
Жаздым осы жылдарда,
Еңбек еткен тұлғасын.
Редакторлар алғашқы,
Кезегімен алмасты.
Әрқайсының орны бар,
Бір-біріне жалғасты.
Редактор боп жасады,
Абылай деген азамат.
Ажарын оның ашады,
Екі тілде жаза алады.
Сайлау інім білімді,
Білетін екі тіліңді.
Газет елге жеткенше,
Еңбегін ол сіңірді.
Редактор боп тағы да,
Елена қызым отырды.

Көп тілді халық бағына,
Қос тілде газет оқылды.
Ибрагим деген ініміз,
Отыр газет басқарып.
Көбейді жас қызымыз,
Тілшілік жұмыс атқарып.
Тәуекелдері тым мықты,
Журналист болу — батырлық.
Жасырмай жазса шындықты,
Сүреді өмір татырлық.
Газеттен бір түспейді,
Әкімшілік ақпары,
Жазған сайын үстейді,
Жақсы-жаман жақтары.
Айсәуле деген қызымның,
Еңбегі сіңіп келеді.
Қазақша жазған жырымды,
Қатесіз жазып береді.
Ғабдошұлы тұстасым,
Ирина қызым, Стасым.
Танысым олар алғашқы,
Ұстаған газет тұтқасын.
Людмила, Ділдә, Жайнагүл,
Байқатпас түрін қысылған.
Қиыннан бастау пайдалы,
Тілшілер олар ысылған.
Жағдайларын халықтың,
Жазып жүрсің қыс-жазы.
Тұсында да нарықтың,
Газет қалам ұштады.
Азды көпті газетке,
Мен де қостым үлесті.
Айналдырдым әдетке,
Игі істерге тілекті.
Оқырман үн қатады,
Шықса газет атағы.
Оқырманның көбейсін,
Жылдан жылға атағы.

БАЙТАҚ ЕЛДІҢ ДАНАСЫ

Ел данасы, анасы деп қадірлісі атанған,
Он екі ата Байұлының Масқарынан тараған.
Ізгілікке баули білген, ақыл берген жастарға.
Батыр ана, ақын ана Дәмелі әже жақсы адам.
Қиын-қыстау күндер туса, мойымайсыз ешқашан,
Жырыңызды оқыған соң куә болдым мен соған.
Жылатады, жұбатады жүректен шыққан жылы сөз,
Жырларыңыз күш-қайрат пен жігер береді маған.
Аяулы әже, өмір—өзен, ағы да бар қарасы,
Бұл өмірдің шын мәнісін білсе қазақ баласы,
Сірә, босқа жүрмес еді құр жіберіп уақытты,
Ұғынар ма кей адамдар, жетер ме екен санасы.
Қайткенмен де тырысамыз баршамыз да ел үшін,
Дәмелі әже, сіз болсаңыз туған елдің данасы
Жолыңызды қуатұғын ел ертеңі ұрпақ бар,
Елін, жерін сүйетұғын біз - қазақтың баласы.

Асылзат ҚАБАСОВА.



ДАСТАН АҒА

(Ұстаз ақын Мәулет Дәулетқалиевке)

Ұзақ жылдар ағарту саласында,
Ұлағаты шәкірттің санасында.
Көкірегі шежіре тұнып тұрған,
Ақтарады тойларда арасында.
Дастархандас боп жүрміз көптен бері,
Толғап-толғап алады өткендерін.

Кеудесіне жыр болып жиналыпты,
Бұл өмірдің бұралаң өткелдері.
Құлақ түріп тыңдасам әр кеңесін,
Аямапты халқынан бар кеңесін.
Сайыстарға қатысқан ұстаз-ақын,
Асырыпты Бөрлінің мәртебесін.
Тұнып тұрған кеудесі, дастан аға,
Алдыменен өлеңдер бастамаға.
Халқы үшін қам жеген ағамыздың,
Шапағаты тиіп жүр басқаға да.
Шабыт келсе жарқылдар-ақ алмасты,
Қырларымен ағаның хабарласпыз.
Айтары көп ағадай көне көзді,
Шырақ алып іздесек таба алмаспыз.
Менен гөрі мағұлым өздеріңе,
Ел басқарған болыпты кездері де.
Алдарына ағаның талай келген,
Ерлері де елінің, ездері де.
Ұстаз болды, талайды зейінді етті,
Кейбірі алда, кейбірі, кейін кетті.
Орыс тілде оқыпты өз баласы,
Мен білемін журналист Бейімбетті.
Сіз бенен біз өлеңмен сырласамыз,
Ауырмаңыз, ағатай, жүз жасаңыз.
Ақынға сын, сізге сын деп айтар ем.
Жетпіс бесте лыпылдап тұрмасаңыз.

7.08.2003 ж.



ЖАЙНАЙ БЕР, ОТАН-ТІРЕГІМ!

Азапты жылдың талайын,
Ысырып артқа қалдырды.
Азатты жылды, ағайын,
Елбасы жолға салдырды.
Өркендеп ауыл, қаламыз,
Еңбекке халық жұмылды.
Көтеріп барлық саланы,
Табыстың мәнін ұғынды.
Қай жерде көрсең халқымның,
Ажары гүл-гүл жайнады.
Қойылды жолға салтымыз,
Рухтың артты айбары.
Бірлікте білдің күш барын,
Кең байтақ Қазақстаным.
Саясат бірлік, татулық,
Ұстамды бағдар ұстадық.
Елімнің көркі Астана,
Асқақтап өсіп барады.
Астана әзір жас қала,
Мақтаныш болды ажары.
Терең ғып қазып тамырын,
Бәйтерек шарды тұрғызды.
Төменге шашып жарығын,
Салтанат сәнді құрғызды.
Пайдасын көрдің Есілдің,
Мұхитты төрге көшірді.
Океанариум - мұхит қазақтың,
Мәртебесін өсірді.
Көрмеген жанға тосын жай,
Қазақтың елі осындай.
Бейбітшілік жыл болып,
Жылдарға жылдар қосылғай.
Жатып та, тұрып тәңірден,
Амандығыңды тіледім.
Отырмын көріп бәрін де,
Жайнай бер - Отан тірегім!

ДАРА ДАРЫН (Мақпал Жүнісоваға)

Дарынды да дарындылар жұлдызы,
Тіл мен көзден аман-есен жүр, қызым!
Шабыттана шырқатып ән сала бер,
Халқыңызға сауық-сайран құрғызып.
Он саусағың домбырада жорғалап,
Мақпал үнді әуеніңді сорғалат!
Мерейіңе мейірім шашқан Анасың!
Мерей жаның болсын сізге қолқанат!
Мақпал қызым, мақтанысың халықтың,
Қазақ елін бар әлемге таныттың.
Ән әлемі айдынында өнерді,
Анаңның ақ уызынан дарыттың.
Халқың соққан шапалақтан, шабыттан,
Қанатыңды қағып көкте қалықта.
Дара дарын, төмендеме, самғай бер!
Өнеріңді бағалайтын халқың бар.
Мақпал қызым, даланың ақ маралы,
Халқының ән өнері жаттағаны.
Жылайтын өлеңдерді жылап айтып,
Ойнақы өлең айтса шаттанады.

30.11.2006 жыл.



АҚЖАЙЫҚ АРДАГЕРЛЕРІ

Газетің шықсын тартымды,
Еткізсін елең халқыңды.
Абырой берсін газетке,
Бөліскен елмен бар тірлік.
Тілекпен игі тіл қатып,
Отырмын жазып түн қатып.
Тұсауын кесу газеттің,
Мен үшін дер ем бір бақыт.
Көтерер жүгі мың батпан.
Жауапты жұмыс алыпсыз.
Жүрекпен үнсіз тіл қатқан.
Шыдамы мықты халықпыз.
Халықтың мұң мен мұқтажын,
Жүректе жатқан дықтарын.
Қуаныш пенен шаттығын,
Жазатын болсаң - құптадым.
Зейнеткерлікке тіркелген,
Отырған үнсіз үлкендер.
Газет тисе қолына,
Хаттарын жолдар бір кездер.
Сіздермен менің міндетім,
Жеп басып тірі жүргесін.
Жастарға тәлім көрсетуі,
Ақылға салып бірлесіп.
Әр кезең мәнін жоймайтын,
Елінің қамын ойлайтын.
Кемеңгер ойлар қозғалық,
Жүрекке терең бойлайтын.
Газетің болсын өрелі,
Кеңейе берсін көлемі.
Газетке түскен сырлардан,
Келбетін елдің көрелік.



Т І Л Е К ДӘМЕЛІ ҚҰСАЙЫНОВАҒА

Өзіңізден дәметсек жақұт жырды,
Жасырыпты біздерден уақыт сырды,
Кеш жазғанмен жырыңды кемел еттің,
Абыроймен алдыңда бақыт тұрды.
Көріспеген, өзінді көрмегенмен,
Өлеңіңмен таныстым шөлдегенде,
Баптап алып құсыңды ұшырыпсың,
Қанатыңды қияға сермегендей.
Заман бірге зерделі тоқығанға,
Зымырайды уақыттың оқуы алда.
Зейін қойып тыңдайық болашақты,
Зәру жырды ұсынып оқырманға?!
Қайтсек қалай бір жылу қосамын деп,
Жаңалықтың жылт еткен осалы жоқ.
Дәстүр болып жалғасқан дана жырға
Дәмелідей ақынның қосары көп....
Қасиетті өнерді өр деп білген,
Өлең емес, өлеңі өрнек кілең.
Ілгеріде ұзап мен кеткеніммен,
Енді саған жете алмай терлеп келем.



Дәмелі Құсайынқызы, 60 жасыңыз құтты болсын!

Қарапайым ана ғана қарасаң,
Өнері көп өн бойына жарасқан.
Ақын ана, қол өнердің шебері,
Ол тұрғызған киіз үйге таласқан.

Киіз үйі Москвадан жүлде алған,
Мұражайға ұрпақ үшін қойылған.
Оюланған алаша мен жапқыштар,
Әсем етіп өз орнына жиылған.

Куә болдым жақсы істерге басталған,
Үлгі болар жастарыма талпынған.
Тамырыңыз терең тартып ақыным,
Өсе берсін ұрпақтарың жайқалған.

Біздің байлық ақ жаулықты аналар,
Ана сүтін ішіп ұрпақ нәр алар.
Қан мен сүттен асыл өнер бойдағы,
Ұрпақтардың өн бойына таралар.

Өнерлі ұрпақ өсе берсін көркейіп,
Оқып, тоқып өнерлері кеңейіп.
Сол ұрпаққа оң-солдарын танытар,
Көш басында жүрсін деймін жөн сілтеп.

Дәмелі апа, қартаймаңыз ешқашан,
Өнеріңіз қуат берсін жиналған.
Немере мен шөберені көріңіз,
Болсын ұрпақ ол да өнерге талпынған.

Игі тілек білдіруші Қарағойшиева Сапия Нұрғалиқызы.

КӨКТЕМ-ӘНІМ ОРАЛҒАН

Кел көктемім, шуақты,
Көтер көкке әнімді,
Жыр төгілдір қуатты,
Жадыратсын жанымды.
Қайта оралған көктемім,
Әнім қайта оралған,
Қайталанбас өткенім,
Жастық шағым жоғалған.
Өтіпті-ау ғұмыр саналы,
Қыр астында қаңтар тұр,
Самай шашым ағарып,
Маңдайыма қаптап тұр.
Арман-арман, арман-ай,
Қош өткенім оралмас,
Ғұмырымды жалғағай.
Жыр көктемім жоғалмас,
Арман-арман, арман-ай.
Ғұмыр қанша әр қарай.
Елу алты көктемім,
Өтіпті-ау жылжып жалған-ай.
Келші жырлы көктемім,
Қайталанып сен келсең,
Мен қартаяр деп пе едің.
Көкіректе мол арман,
Қош жастығым, жоғалған.
Қайталанған мың көктем,
Жастыққа тең болар ма?



ЖАЙЫҚТА НАЗГҮЛ ДЕГЕН ҮР ҚЫЗЫ БАР (дәрігерлер күніне)

Назгүлдей дәрігерді кім біледі?
Бұл заманның кәдімгі Қыз Жібегі.
Жаныңды жадыратар мінезі ме?
Назгүлге бұрып тұрад кіл жүрегім
Көркіне мінезі сай жаратылған,
Қыз мүсін, қатарынан дара тұрған.
Атыраулық анасы Алтынайдың,
Даусы бар естілетін ана қырдан.
Білмегенді сыртынан айта ма адам,
Даусы бар Бибігүлдің қайталаған.
Бай мен бала жолына құрбан қылған,
Өнерін енді Алтынай қайтара ма?
Жаныңды жадыратар мінезі бар
Мейірімді анаға тән жүрегі бар,
Өзіне емделуге келген жанға
Жүрекке жайлы тиер тілегі бар.
Назгүлдің маңдайының жұлдызы бар.
Өзімен қатар өскен ұл-қызы бар.
Атыраулық әнші сіңлім Алтынайдың
Жайықта Назгүл деген үр қызы бар.
Назгүлдің қандай екен отағасы?
Беймәлім боп тұр маған осы арасы.
Қыз Жібектің жарына айтар тілек
Мәңгіге берік болсын босағасы!!!



«АЗИАДА-2011» БАСТАЛДЫ

Азиада екі мың он бір басталды,
Өткіздік бастан шаттыққа толы шақтарды.
Алматыда алғашқы алау жағылды,
Жер шарынан еліме қонақ ағылды.

Жағылған алау облыстарды араламақ
Ойынның даңқы әлемді бүкіл шарламақ
Түрлі аспапта домбыра бастап, күй тасып,
Биші топтармен салтанат жатты ұйқасып.

Бір қолдан бір қол алауды ұстап алмасты,
Он бірі күнгі мереке солай жалғасты.
Желбіреп тұрды сол күні елдің жалауы,
Жағылды елде Азияда алауы.

Алауды алдық кувейттіктердің қолынан,
Бағытты алдық, арманның асқақ жолына!
Шаттыққа толсын елімнің жерде бедері,
Асқақтай берсін Қазақстанның беделі!

12.01.2011 жыл.



СЕНІҢ ОРНЫҢ БОС ҚАЛДЫ

Бақыт деген сол екен,
Көлеңкеңде жүргенім.
Шаттығы да мол екен,
Өткен күннен білгенім.
Тәубе деймін тәңірге,
Балаларым болғасын.
Сағынамын кәзірде,
Бақи болған, жолдасым.
Аз жоқтадым демеймін,
Сырды сыртқа шашпаймын.
Қолтығымнан демей жүр,
Бәлендей жоқ бас қайғым.
Мен бір ойға тоқталдым,
Сенің орның бос қалды.
Қалай десең олай де,
Жоқтаудай-ақ жоқталдың.
Кірем-шығам үйімнен,
Елесіңмен ілесіп.
Араласам дүйіммен,
Жалғыздықпен күресіп.
Міне, солай ағасы,
Уақыт солай озып жүр.
Тірі адам баласы,
Табанынан тозып жүр.
Иманыңды серік қып,
Тынышталған шығарсың.
Менен қашқан ерікті,
Дұға арқылы ұғарсың.

Бәрін ұмыттырады,
Немеренің қылығы.
Және шынықтырады,
Уайымым жоқ бұны біл.
Ішкі сырдың ұшқыны,
Сыртқа шықпай қалмайды.
Қайғы-мұңның тұтқыны,
Жалғыздарға арнаймын.
Бейнетқормын білесің,
Қолымнан іс түспейді.
Қиындықпен күресіп,
Өзімді әбден күштеймін.
Кешіре гөр жаратқан,
Ерсі десең қылығым.
Артық кетіп баратсам,
Жалғыздардың мұңы бұл.
Өнерім бар ептеген,
Болашаққа беттеген.
Бейнетқормын, көпшілмін,
Жалғыздықты жек көрем.

06.07.2011 жыл.



ӨЗІМДІ ЕРТЕ ЖӨНДЕППІН!

Ғашық бола жаздаппын,
Ғашық болып көрмеппін.
Қыз болыппын салмақты,
Өзімді ерте жөндеппін.
Иесі екен өзгенің,
Көзім түсіп жүргені.
Сыр бермеуге төзгенім,
Мықтылығым ол менің.
Айтатын сыр жоқ менде,
Құлақ түрген жұртыма.
Жарты ғасыр өткенде,
Сыр шығардым сыртыма.
Орын алды жүректен,
Тағдыр қосқан қосағым.
Өмірімді жыр еткен,
Шырқарым да осы әнім.

10.08.209 ж.



ШАЙЫРДЫҢ САҒЫНЫШЫ

Жақында Маңғыстауға барып қайттым,
Ұшақ пен араға жол салып қайттым.
Батыстың ор ақыны МЭЛС ұлдан,
Ақын деген атақты алып қайттым.
Сағынышы Оралға ауысқандай,
Мені көріп Оралмен қауышқандай.
Әсер ақын көңілін толқытқаны,
Сағыныштың сарқытын тауысқандай.
Сағынып жүргенін ол жасырмады,
Үйренген ортасы ғой жасындағы.
Он сегіз жыл үйренген Ақжайығын,
Елжірейді еске алып ақын жаны.
Сағыныш әр сөзінің қайырмасы,
Үйренген ортасынан айырғасын.
Каспийдің толқынындай жырға толы,
Мойынсұнған тағдырға шайыр ақын.
Орал оның жүрегі соғып тұрған,
Жастық шақтың қызығын толықтырған.
Оралдың суға кеткен өңірлері,
Қазіргі жан-жарасы болып тұрған.
Шайырдың сағынышы елге деген,
Көк қала, көк орайлы жерге деген.
Қай жердің дәмі тартса сонда болмақ,
Бір Алланың добы ғой пенде деген.

18.05.20011 ж.





маты қаласы К. Байсейітова атындағы мамандарылған дарынды балаларға арналған мектеп интернатына оқуға қабылданып ұстазы профессор Ә. Жұмабекұлынан дәріс алды.

Қатысқан конкурстары: 2008 жылы Боздақ Рзаханов атындағы Атырау облыстық жас орындаушылар және дельфийлік ойындар байқауында 2-ші орын иеленіп, лауреат атанды. 2009 жылы Астана қаласында өткен 5-ші халықаралық «Астана-Мерей» конкурсының «Халықтық ішекті ысқымен ойнайтын аспаптар» номинациясы бойынша дипломант атанды.

Түркістан қаласында 2011 ж. 1 маусымда өткен 1-ші халықаралық «Бейбітшілік әлемі» байқауының лауреаты. Д. Құсайынқызының «Бейбітшілік ұраны» әнін орындады.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МІНЕЗДЕМЕ

Тұрғанов Аятолла 1996 жылы 18 желтоқсанда Атырау қаласында дүниеге келген. 2003 жылы Дүйсенғали Байбосынов атындағы №13 ұлттық мектеп-гимназиясының 1 сыныбына оқуға қабылданды. 2007-2008 жылдары Атырау қаласындағы Дина Нұрпейісова атындағы халықтық музыка академиясы жанындағы балалар саз мектебінен, ұстазы Г. Жұматаевадан қыл-қобыздан дәріс алды.

2008-2010 жылдары Ал-



Әнші Ажар Сейтенова
2011 жылы
6 шілдеде Астанада
Дәмелі Құсайынқызының
Елбасына арнаған өлеңін
орындады.

ТУҒАН ЖЕР

(Әні бар)

Туған жерім жайнаған,
Жайлауы кең айдала,
Саған деген сағыныш,
Жан-жүйемді жайлаған,
Туған жерден айналам.

Қайырмасы:

*Көкшіл еді аспаны,
Көпшіл еді жастары,
Көңілдегі дастаным,
Көзден ұшқан жас шағым,
Туған жерден айналам.*

Жайлауым бар қияқты,
Асты шалқар сияқты,
Отырғызбай бір шыбық,
Болып жүрмін ұятты,
Туған жерден айналам.

Қайырмасы:

Айналайын Жосалым,
Атыңды әнге қосамын,
Ертелі кеш өзіңе,
Жетер ме екен осы әнім,
Туған жерден айналам.

Қайырмасы

Жұрты жатыр бабамның,
Құлпы жатыр анамның,
Бірге туған бауырлар,
Жақын-жаран адамның,
Туған жерден айналам.

Қайырмасы

ТУҒАН ЖЕР

Орташа, әндете

Әні мен сөзін жазған
Дәмелі Құсайынқызы,
нотаға түсірген Ажар Сейтенова



Ту - ған же - рім жай - на - ған, Жай - ла - уы кең ай - да - ла.



Са-ған де-ген са-ғы - ныш, Жан дүни-ем-ді жай-ла-ған Ту-ған жер-ден ай - на - лам.

Қайырмасы:



Көк-шіл е - ді ас - па - ны, Көп-шіл е - ді жас - та - ры. Кө-ңіл - де - гі дас - та - ным,



Көз - ден ұш - кан жас ша - ғым, Ту - ған жер - ден ай - на - лам.



БЕЙБІТШІЛІК ҰРАНЫ

Орындаған:
Аятола Тұрғанов

Әні мен сөзін жазған
Дәмелі Құсайынқызы,
нотаға түсірген Ажар Сейтенова



Ө - мір қа - лай ө - тіп жа - тыр бай - қа - ма - дым. Ба - қыт - т(ы)ел - дің
бе - сі - гін - де шай - қа - ла - мын. Ме - нің е - лім қа - зақ е - лі
е - кен - ді - гін, Бар ә - лем - ге мақ - та - ныш - пен ай - т(а)а - ла -
мын. Ме - нің е - лім қа - зақ е - лі е - кен - ді - гін,
Бар ә - лем - ге мақ - та - ныш - пен ай - т(а)а - ла - мын.

Өмір қалай өтіп жатыр байқамадым,
Бақытты елдің бесігінде шайқаламын.
Менің елім қазақ елі екендігін,
Бар әлемге мақтанышпен айта аламын.
Жаршысымын бейбітшілік ұранының,
Көмейімен жыр тасқыны тұр ағылып.
Біздің елдің тілейтіні бейбітшілік,
Ұрпағына үйретері қырағылық.
Жаршысымын бейбітшілік хабарының,
Паш ететін бақытыты елдің жаңзалығын.
Құшағы кең егеменді ел атанған,
Қазақстан деген елдің адамымын.



БОЛМАСЫН СОҒЫС

Еліміз тыныш, тоқшылық таңымыз атты бақытты,
Думанды қызық өмірде, сезбейміз өткен уақытты.
Десек те терең түбінде, торғайдай мына жүректің,
Қасірет-мұң, қайғының қоламталары жатыпты.
Есіме алсам әкемді, елім деп өткен ерлерді,
Кеудемді өртеп кетердей сол қоламта қоздайды.
Кеудеме мұз боп орнығып, қатып тұрған сендерді,
Ерітіп ала жөнеліп, тас-талқан қылып қозғайды.
Майданнан алып суық хат, еңіреп келем көшеде,
Есімде сөзі қалмапты, білмеймін жасым нешеде.
Жүректі кетті тілгілеп, төрт бұрышты сол бір хат,
Бірақ біз оған нанбадық «қаралы қағаз» десе де.
Көрдің бе, ата, көрдің бе, Құсайын деген кісіні,
Шалқадан шашын қайырған, болаттай шымыр мүсіні.
Паспортқа түскен бейнесі жанарымда жаттаулы,
Әкемді көрген үлкендер шағындау дейтін пішімі.
Қайран менің, жан әкем, түн қатып орман кездің бе?
Бетпе-бет келген жауынды, жаныштап жерге ездің бе?
Кебенек киіп кетіп-ең, неге бір хабар бермедің,
Елдегі «балапандардың» азалайтынын сездің бе?
Мұңды айтылып ойларым, мұңдылау болды-ау өлеңім,
Қанша жыл толды жеңіске, болмады-ау, әке, дерегің.
Қай жерде қалды бейітің, табамын іздеп қай уақыт,
Ойлаумен өтті ғұмырым, іздеумен аян өлерім.
Сезер ме әке, рухың, қиналып жүрмін, қиналып,
Өзіңді іздестіруге ішімнен жүрмін ұйғарып.
Кешірші әке, қызыңды, алаңым молдау артымда,
Күйбеңі жетер тірліктен, шыға алмай жүрмін жиналып.
«Лағнет» деңдер соғысқа, жер шарындағы аналар,
Әкелерінен айрылып, қалмасын жетім балалар.
Азаматтардан айрылып, болмасын жесір арулар,
Болмасын соғыс болмасын, болмасын жүрек жарадар!

БОЛМАСЫН СОҒЫС

Орташа, әндете

Әні мен сөзін жазған
Дәмелі Құсайынқызы,
нотаға түсірген Ажар Сейтенова

Е - лі - міз ты - ныш тоқ - шы - лық Та - ны - мыз ат - ты ба - қыт - ты.

Ду - ман - ды қы - зық ө - мір - де, сез - бей - міз өт - кен уа - қыт - ты.

Де - сек - те те - рен тү - бін - де, Тор - ғай - дай мы - на

жү - рек - тің Қа - сі - рет мұң, қай - ғы - ның

Қо - лам - та - ла - ры жа - тып - ты.

1. аяқтау үшін
Бол - ма - сын со - ғыс бол - ма - сын, Бол - ма - сын жү - рек жа - ра - дар




ТАҒДЫРЫМ

Орташа, әндете

Әні мен сөзін жазған
Дәмелі Құсайынқызы,
нотаға түсірген Ажар Сейтенова



Саф ал - тын бол - ма - сам да, Ал - тын - ның сы - ны - ғы - мын.




Сай - рай - тын ан - да - сан - да, Да - ла - ның бұл - бұ - лы - мын.



Ө - мі - рім жа - рас - қан - да, Кө - ні - лім ша - рық - тай - ды.



Кө - гіл - дір көк ас - пан - да. Ә - сем саз қа - лық - тай - ды.



Кө - гіл - дір көк ас - пан - да. Ә - сем саз қа - лық - тай - ды.



ОН ҚАЗЫҚ

Өзімді он қазыққа байлап алып,
Отырмын от басында ойға қалып.
Босанып он қазықтан шығар болсам,
Әннен сел ағызарым айдан анық.

Пай-пай-пай-пай-пай-ай
Тыпыршып бір орында тұра алмадым,
Шырмалып от басынан шыға алмадым.
Отырмын жүрегімді онға бөліп,
Байланып он қазыққа мың арманым.

Бай-бай-бай-бай-бай-ай
Байлансам он қазыққа нәзіктігім,
Демеймін ар алдында жазықтымын.
Мың жерден мықты болсаң құтылмассың,
Тағдырың қағып қойса қазық қылып.

Бай-бай-бай-бай-бай-ай
Қазықты қаға түстім тереңдетіп,
Арманды алмаған соң өрем жетіп.
Байланған он қазығым берік болса,
Өтермін енді өмірден өлеңдетіп.

Пай-пай-пай-пай-пай-ай.

18.07.2011



ОН ҚАЗЫҚ

Орташа, әндете

Әні мен сөзін жазған
Дәмелі Құсайынқызы,
нотаға түсірген Ажар Сейтенова



Ай!, Ө - зім - ді он ка - зық - ка бай - лап а - тып,



О - тыр - мын от ба - сын - да ой - ға қа - лып.



Бо - са - нып он ка - зық - тан шы - ғар бол - сам,



Ән-нен сел а - ғы - за - рым ай - дан а - нық. пай. пай, пай-пай, пай.



САҒЫНЫШ САЗЫ

(Әні бар)


Қыз ұшырдым ұядан,
Ұл қондырдым қияға.
Көрмей жүрсем кеудемде,
Сағынышым сыя ма?
Алтынайым неғып жүр,
Күмісайым неғып жүр,
Сол мазамды алып жүр,
Қуанышым неғып жүр,
Алданышым неғып жүр,
Сол мазамды алып жүр.
Батыста жүр бір қызым,
Шығыста жүр бір қызым.
Бар қызым да қырмызы,
Бәрі жарық жұлдызым.
Ақшолпаным неғып жүр,
Таңшолпаным неғып жүр,
Сол мазамды алып жүр,
Қуанышым неғып жүр,
Алданышым неғып жүр,
Сол мазамды алып жүр.
Қылығына тоймаймын,
Қызығыңа тоймаймын.
Көзден таса жүрсеңдер,
Күндіз-түні ойлаймын.
Қанаттарым неғып жүр,
Қарақтарым неғып жүр,
Сол мазамды алып жүр.



САҒЫНЫШ САЗЫ

Орташа, әндете

Әні мен сөзін жазған
Дәмелі Құсайынқызы,
нотаға түсірген Ажар Сейтенова



Кыз ұ - шыр - дым ұ - я - дан. Ұл қон - дыр - дым ки - я - ға,



Көр - мей жүр - сен кеу - де - ме, Са - ғы - ны - шым си - я - ма.



Ал - тын а - йым не - ғып жүр, Кү - міс а - йым не ғып жүр.



Сол ма - зам - ды а - лып жүр - ай.



ӘН БОЛЫП КЕТКЕН ДАРА ҚЫЗ

Ғарифолла аға тіріліп келіп ән салды
Ыризалықпен көрермен халық қарсы алды
Домбырасымен ән салып тұрды сол Мұхит
Әншінің сол сәт дауысын естіп тамсандық.

Отырдым тыңдап Ажардың салған дауысын
Шырқады Мұхит Ғарифолламен ауысып
Әншінің даусы сезімді қозғап, толқыдым
Сал-сері болған бабаларыммен қауышып

Әншінің даусы жүректің қылын қозғады
Жалғасса жақсы ұстаздан шәкірт озғаны
Қос баба бізге қосылып бір кеш ән салса
Өнерлерінің өміршеңдігі ол дағы

Ырзамыз саған ән болып кеткен Ажар қыз
Тірлікте мына өлеңсіз өмір ажарсыз
Шырқай бер қызым бабалар жолын ұзартып,
Ашылса бағың ғасырға самғап барарсың

8 тамыз 2009 жыл.



ӘН БОЛЫП КЕТКЕН ДАРА ҚЫЗ

Орташа, әндете

Әнін жазған Елемес Мағазов
Сөзін жазған Дәмелі Құсайынқызы,
нотаға түсірген Ажар Сейтенова

Ға - ре - кең бү - гін ті - рі - ліп ке - ліп
ән сал - д(ы)ау, Ри - за - лық - пен кө - рер - мен хал - қын
қар - с(ы)ал - д(ы)ау, Дөм - бы - ра - сы - мен шыр - қа - ды бсу
сал Мұ - хит, Дау - сын сс - тіп тын - да - ды хал - қым
там - сан - д(ы)ау, Ән бо - лып кел - ген да - ра қыз,
Ән - жырыз ө - мір а - жар - сыз, Шыр - қай бер жа - ным
ша - рық - тап, Ға - сыр - ға сам - ғап ба - рар - сыз.



ЖЕТІМДЕРДІ ЖЕБЕГЕН

Сара Назарбаеваға

Ол жайлы жазсаң мәлімет,
«Өзіңді өзің таны» - деп.
Жазыпты кітап апамыз,
Танырмыз болса қабілет.

Ол үшін зерттеп өзімді,
Дәлелдеп айтар сөзімді.
Кітабын оқып апаның,
Ашуым керек көзімді.

Көрмеген адам жайында,
Қиындау жауап дайындау.
Екенін ұстаз білсе ғой,
Сол жайлы маған уайымдау.

Кітап жазған апаны,
Сыртынан естіп жатамыз.
Елбасының зайыбы,
Жер жарады атағы.

Сара апаның кітабы,
Бір пән болып қосылған.
Білімді жан ұтады,
Ақыл тауып тосыннан.

Жетімдерді жебеген,
Мейірімді жан не деген.
Мақтан етіп апаны,
Жар салмаймын неге мен.



ӨКІНБЕЙМІН

Еңбек етіп төктім маңдай терімді,
Қайда жүрсем сүйдім шексіз елімді.
Ақын жандар қайда жүрсе – сол елі,
Бастан кештім, айта аламын сенімді.

Бір мінім бар туған жерді сатпаймын,
Сырым елін жүрегімде сақтаймын.
Екі ауданның тел қозысы – ақыны,
Жанкүйері – тұрғынымын Ақсайдың.

Жыр жазғызды, көкірегіме күй беріп,
Дәріптеді талай мәрте сый беріп.
Болашаққа өнегемді ұсындым,
Өмір деген мектебінен үйреніп.

Құтты мекен көкірегіме жыр екеен,
Қолдай жүріп шабытымды түлеткен.
Білгенімді аямадым ортамнан,
Өкінбеймін күндерім жоқ құр өткен.



ЕЛБАСЫНА КИІЗ ҮЙ СЫЙЛАҒАН ДӘМЕЛІ

Жуырда Қ. Өмірәлиев атындағы орталық кітапхана қызметкерлерінің шақыруымен сонау Оралдан әрі ұстаз, әрі ақын, әрі шебер, батыр ана Құсайынқызы келіп, оқырмандармен кездесу өткізді. Дәмелі апай ақын Сара, күйші Дина апаларымыздың жолын жалғастырушы ретінде республика көлеміне танылған, өзіндік орны бар асыл жан.

Өнерімді жүргем жоқ, аяп қалып,
30 жыл намысымды таяқтадым.

Мұғалім, тәрбиеші болып жүріп,

Жұмысты ұстаздықпен аяқтадым, - деген жыр жолдарынан-ақ бейнесін көруге болады. Бар дауысымен "Думанды емірден сыбағаңды ал, келешек ұрпаққа ізіңді қалдыр, адамдық атыңа кір келтірме, жер беті деген сарайға ескерткіш кірпішіңді қала" деуден жалықпады.

Батыр ана, зейнеткерлікке шыққан соң да қарап отырмай, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін нақышына келтіре әрлеп, барлық салтанатқа сай етіп, 3 киіз үй тігіпті. Оның бірін Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевқа тарту еткен.

Оралдық апамыздың термесін ауданымыздың әншісі Елікбай Төлепов келістіре орындаса, жырларын Жиенкүл Сәрсен мен Нағима Нышанбаевалар жатқа айтты. Оқырмандардың сұрақтарына жауап берді. Кеңесу әсерлі өтті.

Маржан ОСПАНОВА.

«Жүрегі жомарт, көңілі дарқан, ойы жүйрік, өзі шебер, батыр ана» Дәмелі Құсайынқызымен кездесу кешінің сценарийі.

Армысыздар, қымбатты оқырмандар, ата-аналар, қонақтар! Білім кемесі - кітапханамызға қош келіпсіздер!

КІРІСПЕ

«Ей адамзат,
Жанартау бар, жарылу бар, дүмпу бар,
Айтпай, аспай құрту бар,
Сәнді үйлерде күңкіл бар.
Адалдық бар, мейірім бар, зорлық бар,
Қайратыңды қайнатады қорлықтар.
Ұлылық бар, даналар бар, мұрат бар.
Шың аталған қырат бар,
Терең жатқан бұлақ бар,
Бірақ соның бәрінен
Биік тұрған бір күш бар,
Дидарына Жер де құштар, Күн құштар:
Ол – нәзіктік,
Мәңгі шуақ, нұры - құт,
Сарқылмайтын жылылық,
Ол - тірліктің қуаты -
Әйел атты ұлылық!».

Қазақ халқы ежелден қыз баланы, әйел затын сыйлап өсірген. Ел билеген хан, халықты аузына қаратқан батыр болсын - бәрі де ақыл иесі әйелдің сөзіне тоқтаған, әйелмен ретті жерінде кеңесіп, ілтипат көрсетіп отырған. Ал, өнерлі, талантты әйелдері болса да қастерлей, қадірлей білген де осы халық. Олардың ішінен әдетте ақын-әйел даусы айрықша естілетіні ақиқат.

Алысқа бармай-ақ қазақтың өнерінде өз таңбаларын қалдырған ақын Сара, күйші-композитор

Дина, әнші Майра. Бүгінгі ақын апаларымыз Мариям Хакимжанова, Тұрсынхан, Фариза, Марфуға.

Міне бүгінгі айтылар әңгіме осы ұлы дүрмектің жалғасы Орал облысы Жымпиты ауданының дүлдүлі жүрегі жомарт, көңілі дархан, ойы жүйрік, өзі шебер, батыр ана Дәмелі Құсайынқызы жайлы болмақ.

ӘН. Елікбай Төлепов

Өмірінің тең жартысын ұстаздықпен өткізген, Дәмелі Құсайынқызы үнемі бір арман биігіне талпынып, адам тағдыры төңірегінде ойға беріліп, тебірене толғанатын жаны нәзік, мейірімі мол адам.

Өмір биігіне көтерілуді өзіне мақсат етіп, әрқашанда жарықтау, биікке самғау үстінде көрінуде.

Дәмелі ана: «Думанды өмірден сыбағаңды алып қалу керек, келешек ұрпаққа ізінді қалдыр, адамдық атыңа кір келтірмей, жер беті деген сарайға ескерткіш кірпішінді қала» деумен келеді.

Он ұл-қыз бала дүниеге әкеліп, бәріне жоғары білім беріп, «Батыр ана» атанып отырсыз. Еңбек жолын да мектепте, жұбайыңыз Шапай Қажығалиұлымен бала тәрбиесіне арнадыңыз.

Өнерімді жүргем жоқ аяп қалып,

Отыз жыл намысымды таяқтадым.

Мұғалім, тәрбиеші болып жүріп,

Жұмысты ұстаздықпен аяқтадым, - деген өлең шумақтарымен дәлелдедіңіз.

Өз жұмысын жетік білетін, кеудесін қақпайтын, білікті адал адамдар – еліміздің алтын қорлары, еңбек майталмандары, тіректері, жастардың таптырмас тәлімгерлері. Жанының жарығы мен жылуын аямай, адал еңбек еткен адамдардың бірі тәлімгер ұстаз - Дәмелі анамыз деп білеміз.

Дәмелі анамыздың өскен өңірі тегіс танып, сыйлайды. Танитыны – жылдар бойы еңбегінің елге ете-

нелігі сыйлайтыны – өзгермейтін бір қалыптылығы, тәртіптілігі мен қарапайымдылығы. Қасиеті – талаптанып кісілік талантын, тазалық талантын, қанағатшылығын көрсете білетіндігінде.

Адамның көп әдеті бала кезден басталып, бара-бара мінезіне айналып, әлі келіп, өрісі жеткенше өзін көрсете білуінде.

Соғыстан қайтпаған әкесінің жылы алақанын, көмегін көрмей талпынып, талаптанып, тасты жарып шыққан, жантақтай тағдырымен тайталасып өсті. Жетімнен жетіліп, намысқа тырысты. Адамдық жауапкершілігін ұмытпай өмір көріп, жер танып, жаны жақсы адамдармен араласты.

«Адамға, өткен өмір, бәрі сабақ» - деген нақылды тәлім етіп ұстанды, Бұлдырты ауылы - Дәмелінің тал бесігі болды, Аралтөбе оның өрісін кеңейтті, өрісін биіктетті. Өмірді түсіну мектебі болды.

Тағдыр оны, Ақсайға табан тіретті, мұндағы абзал жандар, өміріне өң берді, үмітін оятты. Көзінің майын төгіп, істеген адал еңбегі бағаланды, сезіміне сезім қосылып, жырлар легі шыға бастады. Ұлдары ер жетіп, қыздары бой жетіп, алтын асықтай немере сүйгізді. Адал, көкірегі ояу достар табылып, сыйластыққа ие болды.

Жүрген жерінде жастар жол беріп, үлкендер қол беріп, Бөрлі ауданының, ардақты азаматшасының бірі болды. Бақытты отбасының тірегі болып, зейнеткерлікке шықты.

Дәмелі Құсайынқызының бойындағы талантының тағы бір қыры – оның ата-бабамыздан бүгінге жеткен қолөнерді дамытуы. Дәмелі апай – қаламның ұшымен өлең өріп қана қоймай, иненің ізімен өрнек төгудің де шебері. «Одақ тарар алдынан әрігірек, киіз үй өрнекте-

гем әдемілеп» деп өзі жазғандай, кеңес дәуірінде киіз үйімен одақтық көрмелерге дейін барған ісмер ана күні бүгінге дейін төрт киіз үйдің ішкі-сыртқы жабдығын оюлап, әдіптеп, халыққа ұсынды. Бір киіз үйін Ақсай қаласындағы «Ақсайгазсервис» АҚ сатып алса, енді бірі өмір бойы аңсап өткен әкесіне және барлық соғыс ардагерлеріне арнады. Үшіншісін Елбасыға деп тікті, төртіншісін өзі туып-өскен, азамат болып қалыптасқан Сырым елінің атынан осы топырақтан нәр алған талантты ақын Қадыр Мырза Әлінің 75 жылдық мерейтойына тарту етем деп көзмайын тауысты.

1. Ата-бабадан мирас болған ұлттық қолөнеріміздің туын желбіретіп жүрген аяулы аналарымыздың бірісіз. Осы жайында айтып берсеңіз.

2. Өлең өлкесіне жасаған алғашқы қадамыңыз?

3. Отбасылық өміріңізге бет бұрсақ.

4. Өмірдің сан өткелінен өте жүріп, өлең мен өнерді қатар алып жүру ауырлық етпеді ме?

5. Қолөнер саласындағы еңбегіңіздің жоғары бағаға ие болғандығы туралы қуанышты хабарды алғаш естігендегі көңіл-күйіңіз жайлы айтып берсеңіз?

6. Ұстаздық етіп күні бойы солардың білімі мен тәрбиесінің мәселесімен жүргенде үйдегі балаларыңыздың тәлім-тәрбиесі, оқу-білімі жағы ақсап қалып жатпады ма? Бәріне қалай үлгердіңіз?

7. Еліміз өркениетті елдердің қатарына қосылуға бағыт түзеген қазіргі тұстағы қазақ әйелі қандай болуы керек деп ойлайсыз?

8. Бойыңызда ата-анаңыздың негізгі қандай қасиеттері бар?

9. Ал балаларыңыздың бойындағы қандай қасиетін жоғары бағалайсыз?

10. Ата-ененің алдында келіндік міндетін қаншалықты деңгейде атқара алады екен?

ҚОРЫТЫНДЫ

Әйел заты о баста Алла Тағаланың «бұйрығымен» ер адамның көлеңкесі болуға тиісті болса да, осыған қарамастан өлең жазып жанын жейді, иненің ізімен өрнек төгеді. Бала бағады. Ер азаматының бабын табуға тырысады. Жанұясының жылуын сақтауды мұрат тұтады. Қоғамдық қызмет тағы бар.

Батыр ана, ақын, абзал жан Дәмелі Құсайынқызын бойындағы адам сүйсінерлік жарқын мінезі, қарапайым жаратылысы, қонақжайлылығы, «ұлтым, елім, қазағым, тілім» деп соққан жүрегінің лүпілі, адалдығы мен жан дүниесінің байлығы әрқашан өзгелерден ерекшеленіп тұрады.

Жақсылықтың жағында, жақсылардың жасағында, тазалығыңыздан танбай жүре беруіңізге, шығармашылығыңыз тың дүниелермен толығыуына тілектеспіз.

Деніңізге саулық, бала-шағаңыздың, немерешөберелеріңіздің қызығын көре беріңіз. Ашық-жарқын әңгімеңізге рахмет!



ҚАДЫРДЫ ЕСКЕ АЛДЫ



Көзінің тірісінде-ақ «Қазақтың Қадыры», «Абыз ақын» атанған қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, дарабоз ақын Қадыр Мырза Әлидің қазасы қалың елінің қабырғасын қайыстырып-ақ кетті. Оның жырларын жатқа айтатын үлкен-кішінің сүйікті ақынын аза тұтқанына, міне,

қырық күн өтті.

Осыған орай 11 наурызда, қасиетті жұма күні, ақынның кіндік қаны тамған туған жері Жымпиты кентінде артында қалған қабырғалы елі Қадағаңның қырық күндік асын берді.

Күні кеше ғана топырағынан нәр алған, халықтың аяулы ақынына айналған сүйікті перзентінің 75 жасқа толған торқалы тойын дүбірлетіп өткізген Сырым елі төрт ай өткенде қаралы дастархан жаямыз деп ойлап па еді?! Сахна төріне жетелеп алып шығып, той иесіне тарту еткен көк тұлпардың сол кезде жер тебініп, шұрқырай кісінегені жүректі шымырлатса да, ешкім мұны жамандыққа жорымаған болатын. Тек тумысынан сезімтал, асыл текті жануар ғана иесінің басына төніп тұрған ажал бұлтын сол сәтте-ақ сезінді ме екен?! Жалған дүние-ай!

«Жылайтыны өлерде – жақсылар бар қимайтын» деп ақынның өзі жырлап өткендей, қаралы дастархан басында қазақтың игі жақсылары бас қосты. Үлкен экраннан республикалық «Қазақстан -1» телеарнасы арқылы Қадыр қазасын естірткен және халықтың

ақынмен қоштасуын, талай даңқты тұлғаларды қойнына алып жатқан Кеңсай зираты басындағы жерлеу рәсімінен көрсетілген хабарлар жерлестерінің назарына қайталап ұсынылды.

Ақынның Алматыдан арнайы келген әдебиет әлеміндегі сапарлас серіктері ақын Есенғали Раушанов, жазушы, «Ана тілі» газетінің редакторы Мереке Құлкенов, жерлес інісі, әнші-сазгер Донеділ Қажымов, Атыраудан ат арытып жеткен сырлас досы, белгілі сазгер Ілия Жақанов, Оралдан облыс әкімінің орынбасары Серік Сүлеймен бастап келген қаламдас қарындасы Ақұштап Бақтыгереева мен ақын Қайрат Жұмағалиев, белгілі тарихшы-өлкетанушы Жайсаң Ақбай, Орал қаласының әкімі Самиғолла Оразов, облыстық мәдениет басқармасының бастығы Айдар Батырханов, облыс орталығынан және аудандардан келген құрбы-құрдастары, сыныптастары, өнерді қадірлейтін қарапайым жұртшылық Қадыр Мырза Әлі туралы естеліктерін айтып, өлеңдерін арнады, елге тарап кеткен қанатты сөздері мен әзіл-қалжыңдарын еске алды.

«Қазақта Абайдан кейін көп оқылатын Қадыр ақын». Бұл сөзді ақынды жерлеу кезінде «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ президенті Сауытбек Әбдірахманов айтқан екен. Әріптесінің ойлы пікірін елге жеткізген Мереке Құлкенов бұл жөнінде ақынның өзі-ақ көзінің тірісінде «Абаймен екеуміздің арамыз тым жақын» деп айтып кеткендігін айтты. Сірә, өмірдің барлық қырын қамтитын сан салалы сансыз өлеңдерінің халық өміріне тереңдеп еніп кеткенін меңзесе керек.

Расында да, Қадыр жырлары Абай өлеңдері

сияқты әр адамның аузында, әр үйдің төрінде, әр жанның жүрегінде. Қуанышта да, қайғыда да, қиналғанда да ауызға алдымен оралатын Қадыр өлеңдері.

«Ақжайықтың ақ шағаласы» атанған Ақұштап ақын өлеңдері қазақпен бірге жасап тұрған кезде Қадыр есімі халық жадынан өшпейтінін, мәңгі жасай беретіндігін айтып тебіренді.

Қаралы жиында Мырза Әли мұрасын шашыратпай, ұрпаққа қалдыру үшін Қадыр атындағы қор, мұражай ашу туралы ұсыныстар түсіп, кейбіреулер алғашқы жарналары мен жәдігерлерді ақынның отбасына және Сырым ауданының әкімі Е.Б. Нысанғалиевке табыс етіп жатты.

Аталған асқа Бөрлі ауданының әкімі Б.Ә. Шәкімовтің қолдауымен және ұлы ақынның рухына деген айрықша құрметінің арқасында біздің өңірден ақын, қолөнер шебері Дәмелі Құсайынқызы мен осы жолдардың авторы қатысып қайтқан едік. Дәмелі апай болашақ қорға «Бөрлі жаршысы – Бурлинские вести» газетінің баспаханасынан шыққан соңғы «Өлең өлкесінде» кітабын және Қадыр Мырза Әлінің 75 жылдық мерейтойынан жазылып алынған екі жарым сағаттық таспаны сыйға тартты.

Еске алу дастарханының соңында Қадыр Мырза Әлидің ұлы Ғазез бен қарындасы Күләш сөз сөйлеп, жерлестеріне алғысын айтқан соң, облыс имамы Смайыл Сейітбек ақын аруағына құран бағыштады.

А. АХМЕТОВА.

Ақсай – Жымпиты – Ақсай.



ҚАДЫРДЫҢ АМАНАТЫ

Аудан ақыны, белгілі қолөнер шебері, «Алтын алқалы» ана Дәмелі Құсайынқызы таяуда баға жетпес сыйлыққа ие болды. Оны жауһар-дай жырларымен халқының жү-регінде жатталған Қадыр Мырза Әлидің туған жері Жымпитыда өткен 40 күндік асына Алматыдан арнайы келген ақынның кенже ұлы Ғазез әкеліп берді.



- Ағамен кейінгі екі жылда шығармашылық тығыз қарым-қатынаста болдық. Елге келгенінде жүздесіп, Алматыда болғанында дүниеден өткенінше телефон арқылы сөйлесіп тұрдық. Мен ағаға өлеңдерімді оқып беремін, ол кісі пікірін айтады. Тіпті, менің

2010 жылы шыққан «Із» деген кітабыма алғысөз де жазып берді. Қадыр ағаның қалам жинайтын хоббиін білем ғой. Сегіз жасар немерем Камиланың өлең жазуға әуестеніп жүргенін көрген соң, ағадан бір қаламын ырымдап сол қызыма беруін өтінген едім. «Лажы болса, бір барғанда ала барармын не біреулерден беріп жіберермін» деген еді ақын. Бірақ сұм ажал оның келуіне ерік бермей алып кетті. Аға уәдесін ұмытпай, ауруханаға жатарда үйіндегі 54 жыл отасқан жұбайы Салтанат жеңгемізге «мынаны Дәмеліге берерсің» деп

аманаттап кетіпті. Сол аманатын ұлы Ғазез әкеліп берді, - дейді Дәмелі апайдың өзі.

Шағын қорапшаға салынған ақынның сыйлығын біз де бірге қарадық. Ақын уәде еткен қаламның жанына апайға арнап інжу моншақтардан жасалған таспиқ, ұл, неме-релеріне арнап әшекей түйме (запонки), кілтбау (брелок) қоса салыпты.

«Бұл дүниелерді көзімнің қарашығындай сақтап, ұрпақтарыма аманаттап кетемін. Өйткені қазақтың маңдайына біткен аяулы ақынның қолы тиген ұйымдар мен үшін де, менің отбасым үшін де аса ардақты болып қала бермек», - деді Дәмелі Құсайынқызы.

А. АХМЕТОВА.



«ҚОС ӨНЕРДІ ТЕЛ ЕМГЕН»

Аудандық Мәдениет үйінде осындай тақырыппен жергілікті ақын, қолөнер шебері, береке дарып, жапырағы жайылған шаңырақтың алтын діңгегі Дәмелі Құсайынқызының «Өлең өлкесінде» атты бесінші кітабының тұсаукесері болып өтті.

Бұған дейін оқырмандарына «Әке», «Мұра», «Өнер өрге өрлетеді», «Із» атты кітаптарын ұсынған ақын бұл туындысына 20 жасынан бастап жазған барлық өлеңдерін жинақтап енгізген.

Аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің мұрындық болуымен өткізілген шараны аудандық орталық кітапхананың меңгерушісі Ж.Қ. Құрманғалиева

кіріспе сөз сөйлеп ашты. Сахна төріндегі үлкен экраннан Дәмелі Құсайынқызының киіз үйлерінің тұсаукесер сәтінен түсірілген кадрлар көрсетіліп тұрды.

Кеш жүргізушісі, кітапханашы Гүлдана Құрманғабылова ақын ананың өмір жолымен, шығармашылығымен таныстырып өткен соң, алғашқы құттықтау сөзді аудан әкімінің орынбасары Т.М. Сидыққа берді. «Ақыны әкімін емес, әкімі ақынын іздеген ел бақытты» дегендей, Талғат Мұстажапұлы өлең мен қолөнерді қатар алып келе жатқан ақ жаулықты анаға деген ізгі тілегін білдіріп, гүл шоғын ұсынды.

Облыстық халық шығармашылығы орталығының атынан сөз алған Нәбира Сайынова, ақынның туған жері – Сырым ауданынан келген аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің меңгерушісі Көпжан Құспанов, Жосалы ауылындағы А. Жұмағалиев атындағы орта мектептің директоры Асан Жүсіпов, Пугачев орта мектебінің директоры Құндыз Абдрахмановалар кеш иесіне деген ақжарма тілектерін өлең жолдарымен ақтарды.

Ал жосалылық оқушы Темірболат Фаризаның Дәмелі апайдың батыр жерлесі Абдолла Жұмағалиевке арнаған 24 шумақ толғауын бір деммен нақышына келтіре оқуы көпшілік көрерменді тәнті етіп, жүректерді тербеді.

Кешке қатысқан кітапханашылар мен мектеп оқушылары ақынның өлеңдерін оқыса, жергілікті әншілер Эдуард Садықов («Құдаша», әні Ғ. Хибашевтікі), Жаңыл Чугировалар («Тағдырым», әні Д. Құсайынқызынікі), сазгер Ғұбайдолла Хибашев («Отаным», Ғ. Хибашев) ақынның сөзіне жазылған әндерді орындады.

Атырау қаласынан арнайы ат арытып келіп, сөзі де, әні де Дәмелі апайдың көкірегін жарып шыққан «Бейбітшілік жаршысы», «Туған жерден айналам» әндерін әуелеткен дәстүрлі әнші, Түркі халықтарының мәдениет қорының «Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ шығармашылық бірлестігінің өкілі Ажар Сейтенова кеш иесіне қордың атынан «Халықаралық жазушылар одағының мүшесі» деген атақтың берілгендігін куәландыратын құжаты мен төсбелгісін салтанатты түрде табыс етті. Былтыр ғана көз майын тамызып тіккен киіз үйлерін сараптамадан өткізіп, «Халық қолөнерінің шебері» деген атаққа ие болған Дәмелі апайдың ақындық еңбегі де осылайша лайықты бағасын алды.

Тағы бір айта кететін жайт, аталмыш қор берген «Халықаралық ғалымдар одағының мүшесі» деген куәлік пен төсбелгі ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты, аудан әкімінің орынбасары Талғат Сидыққа да тапсырылды.

«Ақынын ұлықтаған елдің еңсесі биік» дегендей, осындай жағымды жаңалықтармен бала өсіріп, жырын жазып, қолөнерін дамытып жүрген сегіз қырлы, бір сырлы ананың да, елдің де мерейін асқақтатқан шара өз мәресіне жетті.

Айгүл АХМЕТОВА.



ЖҮРЕК ҮНІ «ҚУАТЫ КҮШТІ НҰРЛЫ ЖАН»



Киелі қазақ өнерінің талай ғасырлық шежіреге толы тарихы бар. Салт-дәстүрімізді дәріптеп, ұлттық құндылықтарымызды сақтап, ұр-паққа қалдырған қолөнердің хас шеберлері, он саусағынан өнер тамған, түздің де, үйдің де жұмысында атқара жүріп, бала тәрбиелеп, қонақ күтуде алдына жан салмайтын қазақ әйелдері қаншама?!

Өнері мен өлеңін өміріне жүктеп, қас өнердің майын тамызып тұрып өрнектей білген осындай жандардың бірі - батыр ана, ардақты әже, елге сыйлы Дәмелі ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ десек, артық айтқандық емес. Зейнетке шықса да, өнерін дамытып, сан түрлі ою-өрнектермен киіз үй тігіп, өлең шығарған жанның өнерін кейінгі ұрпаққа дәріптеу мақсатында жалпы білім беретін №3 орта мектепте «Қуаты күшті нұрлы жан» атты әдеби-сазды кеш болып өтті.

Кеш №3 ЖББОМ 9 сынып оқушысы, кештің жүргізушісі Жадыра Қожахметованың орындауындағы ақынның «Өзімді таныстыру» өлеңімен ашылды. Аяулы да батыр ана, нар ананың өмірбаянына №3 орта мектеп оқушылары орындауындағы шағын көрініс көрсетілді. Әкесін майданға шығарып салып жатқан 4 жасар Дәмелі мен анасының ролін сомдаған оқушылардың қойған шағын көрінісі өте әсерлі шықты.

1938 жылы Сырым ауданы, Жосалы елді мекенінде дүниеге келген Дәмелі Құсайынқызы 1956 жылы

Бұлдырты орта мектебін бітірген. Әкесі Құсайын Есенбаев соғыстан оралмай, анасы Бәтiш Есенбаева бес қызды ардақтап өсіріп, бой жеткізді.

Ақын апаның жолдасы Шапай Қажығалиев жоғары білімді, Қазақстан Республикасының халық ағарту ісінің үздігі болды. Түрлі себептермен оқуға түсе алмаған Дәмелі Құсайынқызы көп ізденіп, көп оқып, рухани қажеттілікті өзі жетілдіріп отырды. 32 жыл тәрбиеші - ұстаз болып қызмет еткен батыр ана 1988 жылы зейнетке шықты.

Жүрген жерінде өлең жазып, қолөнермен айналысып, қоғамдық жұмысқа белсене араласып келеді. Жасаған еңбектері, жазған өлеңдері теледидар, газет беттерінен жарық көруде. 1972, 1980, 1983 жылдары ісмер жанның еңбектері аудан, облысқа, ал 1990 жылы тігілген киіз үйі Алматыда, кейін Мәскеудегі Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне апарылды. Онымен қоса Ұлы Жеңістің 60 жылдығына, Елбасына арнаған киіз үйлері де бар. Дәмелі Құсайынқызының өнеге мен шежіреге толы «Әке» (2002), «Мұра» (2005), «Өнер өрге өрлетеді» (2007), «Із» (2010) және «Өлең өлкесінде» (2010) атты кітаптары жарық көрді. Әр кітапта ақын апа туралы шынайы сөздерімен қазақтың біртуар ұлдары мен қыздары сыр шерткен. Өлеңдері ұрпаққа ой салып, мәні де мағыналы мақалалары басылған кітаптары қалың оқырманға бай мұра.

Батыр ана ақылы мен өмірден көрген-білгенін ұрпаққа қалдыру үшін де жұмыстану үстінде. Ана тілін жанындай сүйіп, Отанын қызғыштай қорғайтын ұлтжанды Дәмелі апа «Қазақ» боп туғаны үшін бақыттымын дейді. Бейнеті көп ауыр жолда көптеген жетістікке жетіп, келер ұрпаққа мол мұра қалдырған ақын апаның еңбек-

тері өз бағасын ала бермек...

Он балаға дүние жарығын сыйлап, әр қайсысын оқытып, ер жеткізіп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, бүгінде немере қызығына тоймай отырған бақытты әже Дәмелі Құсайынқызының мағыналы әңгімелері оқушылар мен ұстаздардың ойына ой салды. Өзінің мәнді ғұмырын, киелі өнерге арнаған ақын апаның «Инемен үй тұрғыздым» өлеңін аталмыш мектеп оқушысы Айнұр Қуанышқалиева оқып берді.

Көзіне жас алып, әкесінің сұм соғыстан оралмай кеткені жанына батқандығы жөнінде толғанып, әңгіме айтып, ой шерткен Дәмелі апа: «Әйел адамның тұрмысқа шыққаннан бастап, көретін қызығы мен қиындығы бірімен-бірі ұштасып жатады. Тұрмысқа шығып, келін атанып, бала тәрбиелеп, қолға ине мен қалам алу – оңай шаруа емес. Сан ғасырлық тарихы бар халқымыздың киелі өнерін ұрпаққа қалдыру – менің басты мақсатым болды» деді.

Дәмелі Құсайынқызы өңірімізде ісмерлік мектепті қалыптастыруға үлкен еңбек сіңіріп келеді. Жалғыз бұл өлкеде ғана емес еліміз бойынша ұмтыла бастаған әлі де қалпына келмеген киіз үй тігу, оның ою-өрнектерін жаңартып, қайта жасауы да құптарлық іс.

Батыр ана, нар ана ұлын ұяға ұшырып, қызын қияға қондырған бақытты жан немерелерінен ақылын аямай, үлкен азамат болуларына барын салып жүрген асыл әже.

Ақын апаның «Елбасына сенемін» өлеңін Нұрәділ Жангулудов орындаса, «Ана тілін жасама аяқасты» өлеңін Рамазан Асылбеков нақышына келтіріп оқып берді. Дәмелі апаның өлеңін оқып, еліктеп, қалам ұстаған жас өрендер Айдана Мырзаева мен Асылзат Қаба-

совалар ақынға арнаған өлеңдерін оқыды.

Өз кезегінде сөз алғандар ақын Әсия Мұхитова, аудандық кітапхана жүйесінің директоры Ғибрат Урынғалиева, аталмыш кітапхананың жасөспірімдермен және балалармен жұмыс жөніндегі әдіскері Светлана Тасымғалиева мен кадрлар бойынша инспекторы Қалдыгүл Асылбекова, ауданық кітапхана меңгерушісі Жанзипа Құрманғалиева, №2 кітапхана қызметкері Зоя Костенко, аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі Сұлушаш Меңдібаева, №3 ЖББОМ директоры Надежда Шиганакова, 9 сынып жетекшісі Салтанат Кенжекеева сөз сөйлеп, Дәмелі апа мен оқушыларға үлкен алғыстарын білдіріп, шығармашылық табыстар тілеп, естелік сыйлықтар табыс етті.

Әдеби кештің жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан кеш жүргізушісі №2 кітапхананың кітапханашысы Майра Жүсібәлиева: «Дәмелі апа - 1996 жылдан бері біздің кітапхананың тұрақты оқырманы. Осы жылдар арасында батыр ана 400-ге жуық кітап оқыса, ол оқыған мерзімді басылымдар саны 1000-нан асып жығылады» деп атап өтті. Өз кезегінде Дәмелі Құсайынқызы да барлық қатысушылар мен қонақтарға, өлең шығарған жас қалам иелері мен Майра Әдиятқызына үлкен алғысын білдірді.

Әсерлі өткен әдеби кеш барысында Дәмелі апа көрерменге мағыналы өлеңдерін оқып, қазақтың киелі домбырасымен ән шырқап берді. Көрерменге тамаша көңіл-күй сыйлаған өнер кеші осылайша өз мәресіне жетті.

Айым Нұрғалиева



МАЗМҰНЫ

Бар болыңыз, батыр ана, ақын апа!	3
ІҰлттық өнердің анасы.	4
Өнер жолындағы апа.	6
Жырмен жүрек терберген.	8
Қымбатты да, қадірменді Дәмелі Құсайынқызы!	10
Өнердің оқ қызы.	11
Жасампаз ел - Қазақстан.	12
Тәуба.	13
Жасасын азат айбынды Қазақстаным.	14
Отан - терігім.	15
Капитан келіншек.	16
Өкініш-өкте кеткені.	17
Тыныштыққа жететін байлық бар ма?	19
Ақ батасы халқымның демей жүрсін.	20
Асқақ сазгер.	20
Той иелеріне тілек-бата.	22
Шинелімен жерленген әкем.	23
Аралтөбе.	24
Қайрау.	25
Журналист - елдің ұлы.	26
Ардагерлер кетіп жатыр арадан.	27
Сырт көз сыны.	28
Ақын апа, батыр апа.	30
Қозғадым әлеуметтік жағдайымды.	31
Қиянаттар.	31
Айтысқа әзірлік.	32
Ернатқа.	36
Халқыма көңіл айтамын.	36
Халқымыз Елбасына сеніп отыр.	37
Ендігі үміт өзіңде.	39
Айтарым көп ақтаратын.	40
Дәмеліге.	40
Ұлы тойдан бастау алды жыл басы.	41
Алғыс айтамыз.	43
Шілдехана шашуы.	44
Елім жайлы естеліктер.	46
Көрімдік.	48
Тілек.	49
Ауыр өнер.	50
Салтанат солай ашылды.	51
Спортқа жеңіс тілейміз.	52
Үкілі үміт.	53
Желе-жебе!	54
Құда түсу той басы.	56
Өзіме жауап.	57
Өлеңнің айбыны.	58
Құттықтаймын!!!	60
Қадыр Мырза Әлі ұстаған қаламсап.	61
Сағындырды көкелер.	77
Өзін таныстыру.	78
Шапағат шашқым келеді.	79
Тәуелсіздік - дербестік.	80
Хас шайыры батыстың.	81
"Ескерткіш" - "Мұра".	82
Тәуелсіздік жасасын!	83
Асыл әжем, Дәмелі Құсайынқызына!	85
Ақшұқырда.	86

Төкпе ақын.....	88
Жүзім жарық.....	89
Шексіз алғыс қалдырдым.....	90
Дәмелі Құсайынқызы!.....	92
Мәңгі өлмейсің.....	93
Ақын Ботакөз Баймұқанқызына.....	94
Менің ғасырым.....	96
Тойға шашу.....	97
Сағыныш.....	98
Бағила бауырға.....	100
Ауылынды аяла демекшімін.....	101
Уақыт бер маған, тағдырым.....	102
Өлең менің сырласым.....	103
Сұр төбе.....	104
Алғыс хат.....	105
Жыр дәптері.....	106
Достық, бірлік - бейбітшілік арқауы.....	107
Үлес.....	108
Арамызда ардагер бар.....	109
Табиғатта.....	110
Достық лебіз.....	111
Ақын күнделігімен ақ жол!.....	113
Ақ ниетті ұрпақ едік біз деген.....	114
Маған әлі баласың.....	114
Алтын жұбай.....	115
Төл газетіме тілек.....	115
Байтақ елдің данасы.....	117
Дастан аға.....	117
Жайна бер, Отан - тірегім!.....	119
Дара дарын.....	120
Ақжайық ардагерлері.....	121
Тілек Дәмелі Құсайынноваға.....	122
Дәмелі Құсайынқызы, 60 жасыңыз құтты болсын!.....	123
Көктем-әнім оралған.....	124
Жайықта Назгүл.....	125
"Азияда-2011" басталды.....	126
Сенің орның бос қалды.....	127
Өзімді ерте жөндеппін!.....	129
Шайырдың сағыныш.....	130
Шығармашылық мінездеме.....	131
Туған жер.....	132
Бейбітшілік ұраны.....	134
Болмасын соғыс.....	135
Тағдырым-ау.....	137
Он қазық.....	139
Сағыныш сазы.....	141
Ән болып кеткен Ажар қыз.....	143
Жетімдерді жебеген.....	145
Өкінбеймін.....	146
Елбасына киіз үй сыйлаған Дәмелі.....	147
Кіріспе.....	148
Қорытынды.....	152
Қадырды еске алды.....	153
Қадырдың аманаты.....	156
"Қос өнерді тел емген".....	157
Жүрек үні.....	160

Бөрлі аудандық “Бөрлі жаршысы - Бурлинские вести” редакциясының баспаханасында басылды.

Заказ 152 Таралымы N200.

